

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Тажиденова Рафигат Ануарбековна

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ИСАТАЙ АУДАНЫНДА
ТУРИЗМДІ ДАМУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Өңірлік даму (өндірістен қол үзбей)» білім беру бағдарламасы

7M041 «Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша

«Өңірлік даму» магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші:

PhD докторы, доцент Ниязбаева А.Т.

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 20__ ж.

Басқару институтының директоры: _____ э.ғ.к. Турчкенова Р.А.

Нұр-Сұлтан, 2021

Мазмұны

Нормативтік сілтемелер	3
Белгілер мен қысқартулар	4
Кіріспе	5
Әдебиеттерге шолу	8
Зерттеу әдістері	20
Зерттеу нәтижелері және талдау	21
1.1 Атырау облысындағы туристік саланың ағымдағы жай-күйін талдау	28
1.2 Атырау облысы Исатай ауданының туристік-рекрециалық ресурстары	37
1.3 Атырау облысы Исатай ауданында туризмді дамытудың болашағы бойынша ұсыныстар	61
Қорытынды	69
Пайдаланылған дереккөздер тізімі	71
Қосымша	73
Аналитикалық жазбахат	

Нормативтік сілтемелер

Осы жобада келесі стандарттарға сілтемелер жасалды:

2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Салық кодексі.

Қазақстан Республикасының Заңы. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы: 2019 жылдың 3 сәуірінде № 242-VI ҚРЗ қабылданған.

Қазақстан Республикасының Заңы. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы: 2015 жылдың 31 қазанда № 379-V ҚРЗ қабылданған.

Қазақстан Республикасының Заңы. Рұқсаттар мен хабарламалар туралы: 2014 жылғы 16 мамырда № 203-V ҚРЗ қабылданған.

Белгілер мен қысқартулар

КДҚ	– Кәсіпкерлікті дамыту қоры
АҚ	– Акционерлік қоғам
QUEST	– Шытырман ойын
ШОБ	– Шағын және орта бизнес
НАССР	– Hazard Analysis and Critical Control Points
ISO	– Infrared Space Observatory
SMIT	– Туризмдегі Марокко инжирингтік қоғамы
UNWTO	– Бүкіләлемдік туристік ұйым
INFRATUR	– Туризм инфрақұрылымын дамыту қоры
FOGATUR	– Туризмге кепіл беру және жылжыту қоры
ENTURSA	– Empresa Nacional de Turismo S.A.
ДМО	– Destination marketing organizations
ENIT	– Италияның туризм жөніндегі ұлттық басқармасы
ЮНЕСКО	– Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЖІӨ	– жалпы ішкі өнім
ҰҚП	– Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
MICE	– Кездесулер, көтермелеу саяхаттары, конференциялар (форумдар және көрмелер), оқиғалар
ТДМБ	– Туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
ҰК	– Ұлттық компания
ЕО	– Еуропалық одақ
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
РФ	– Ресей Федерациясы
ТЭН	– Техникалық-экономикалық негіздеме
ҚТА	– Қазақстандық туристік қауымдастығы
ENIT	– Италияның туризм жөніндегі ұлттық басқармасы

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» аясында өңірлерде туризмді дамыту – Қазақстанды қуатты мемлекетке айналдыратыны мен Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында туризмнің, әсіресе, эко және этнотуризмнің дамуына экономиканың маңызды саласы ретінде ерекше көңіл бөлу туралы тапсырмасына, сондай-ақ «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарының 86-қадамын іске асыру аясында «Каспий қақпасы» өңірлік мәдени – туристік кластерін құру міндетіне, Атырау облысының аумақтық даму бағдарламасына негізделген.

Қазақстан – бағыт-бағдары белгіленген, шын кіріссе өзін-өзі қамтамасыз ете алатын, табиғи байлыққа бай, кез-келген жаһандық дағдарысқа төтеп беру мүмкіндігіне ие дамушы мемлекет. Әлем Қазақстанда демалудың әр алуан сипатын қалыптастыруға болатыны және де елдегі саяси ахуалдың тұрақтылығы туризмді дамытуға салынатын инвестицияның қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатынын енді-енді біліп жатыр. Қазіргі заманғы әлемнің жаһандану жағдайында туризм айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бүгінгі таңда ол табиғи, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени ресурстарды, туристік өнімді жасау үшін пайдаланылатын немесе жарамды инфрақұрылымды, дамыған әдіснаманы және көптеген арнайы технологияларды қамтитын әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады. Туризмнің әлеуметтік-экономикалық ұстанымдары тез нығаюда, ол әлемдік экономиканың жетекші драйверлерінің біріне айналды. Оның әлемдік қызметтер саудасындағы үлесі 30 пайыздан астамды құрайды. Осы үлестен көріну мүмкіндігі толықтай бар Қазақстан үшін туризм секторын жан-жақты дамытуға іргелі, әдіснамалық және практикалық іздеу аса өзекті болып табылғандықтан 2017 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасының Үкіметі елдің туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі жаңа Тұжырымдамасын бекітті [1]. Бұл оқиға елімізде туризмді дамытудың жаңа кезеңінде осы саланы жаңғырту үшін аса принципті экономикалық, әлеуметтік және технологиялық сипаттағы бірқатар іргелі мәселелерді шешеді. Десек те, Қазақстанның туристік нарығы әлі де төмен қарқын мен даму деңгейін көрсетеді [2]. Қазіргі уақытта Қазақстанның ЖІӨ-дегі туризмнің үлесі 0,9 пайызды құрайды, бұл дамыған елдердің көрсеткіштерінен ғана емес, әлемдік орташа деңгейден де әлдеқайда төмен. Еліміздегі туризмді сауатты ұйымдастыру және басқару туристік бизнестің ерекшеліктерін түсінуді талап етеді. Шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, әлемдік туристік нарықтағы бәсекеге қабілеттілікке мемлекет, туристік бизнес және ел халқы арасындағы экономикалық интеграцияның жаңа нысандарын дамыту есебінен қол жеткізуге болады.

Қазақстан халқының 42 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Қазіргі әлемде пандемия өршіп тұрғанда мезгілде аурушандық ауыл адамдарынан арасында

бәсең кейіпте. Қалалықтар тар қапастан қашып, кең жерлерге, табиғат аясында көбірек болуға тырысуда. Және ол үшін қаржыларын да аямайды. Адамның мәні рахат алуға бағытталған және ол демалыс қарқынды жұмыс күнінен кейін қажет. Ал егер адам босаңсымаса демалмайды және оған күш-қуатты қайтадан қалпына келтіру өте қиынға соғады. Бұл әсіресе қалалық жерлерде тұратын адамдарға қатысты. Қазіргі адамзаттың басынан кешкен стресстері түрлі ауруларға, психоздарға, бұзылуларға алып келеді. Сондықтан туризм белгілі дәрежеде көпшілік үшін панацея болып табылады. Туризм эстетикалық, ақпараттық және физикалық ләззатты біріктіреді. Сондықтан, тіпті табысы төмен адамдар да мүмкіндігінше саяхаттауға тырысады. Бүгінгі таңда отбасылық демалыс жиі үрдіске айналууда. Еліміздің кез келген бұрышында адамзат баласының жақсы мәдени демалуына жеткілікті табиғи экологиялық, экзотикалық нышанды келбеттер кездеседі. Мейлі ол таулы жер болсын, жазық дала болсын, орман-тоғай болсын, өзен-сулар болсын, біздің жерімізде де керемет демалыс орындары боларлық табиғи ерекшеліктеріміз ендігі жерде өзгенің көз қуанышы, өзіміздің мақтанышымыз болатынын шақ туды. Туризм саласындағы экономикалық қызмет ұлттық кірісті құруға ықпал етеді. Ал кірген кірістерді ұлғайту ұлттық экономиканы көтеруге оң әсерін тигізеді. Ол өз кезегінде экономиканың басқа салаларын да дамытып, ұлттық маңызға ие табыстардың өсуіне әкеледі. Осы кезге дейін мұнай көптеген елдер сияқты біздің мемлекетімізге әрқашан экономикалық дамуға сенімді рөл атқарып келді және көбінесе эксклюзивті көмек болды. Бірақ мұнай нарығындағы бағаның құлдырауына ешкім кедергі бола алмайды. «Х» сағаты келді, біздің мемлекетіміздің мұнай ақшасына тәуелділіктен бас тартып, экономиканың шынымен де мүмкін болатын басқа салаларын дамыту туралы ойланатын кезі келді.

Жобаның мақсаты Атырау облысы Исатай ауданының туристік әлеуетін анықтап, осыған байланысты ауданда туризмді дамыту үшін саладағы ұйымдастыру және басқару жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеудің келесі міндеттері анықталды:

1. Туризм индустриясының дамуының негізгі алғышарттары мен ерекшеліктерін зерттеу.

2. Туристік саланы дамыту саласындағы халықаралық даму тәжірибесін зерделеу.

3. Қазақстан Республикасының Туризм саласындағы нормативтік-құқықтық базасы мен бағдарламалық құжаттарға талдау жүргізу.

4. Атырау облысындағы ағымдағы жағдайға талдау жүргізу, SWOT-талдау жүргізу.

5. Атырау облысы Исатай ауданының туристік әлеуетін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі – Исатай ауданы.

Зерттеу пәні – Атырау облысы Исатай ауданында туристік саланы дамыту процесінде туындайтын ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің теориялық-әдістемелік базасы отандық және

шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне негізделген. Жұмыс барысында ғылыми әдебиеттер мен нормативтік-құқықтық құжаттарға контент-талдау, салыстырмалы және әлеуметтік талдау, сондай-ақ SWOT-талдау пайдаланылды.

Жобаның практикалық маңыздылығы. Мемлекет басшысының өңірлерде туризм саласын дамыту тапсырмаларын орындау үшін Атырау облысы Исатай ауданының ағымдағы жай-күйіне жүргізілген талдау және туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау өңірде туристік саланы дамыту стратегиясын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Әдебиеттерге шолу

Тәуелсіздік алғаннан бері еңсесін көтерген мемлекетіміздің туристік бағытта да дамуына алғышарттарының болуына қарамастан осы маңыздылығы мен басымдылығы еш саладан кем түспейтін, керісінше әлдеқайда ерте дамытқанда межелі жетістіктерге ие болу мүмкіндіктері кейінге ығыстырылып келе жатқан, бірақ бүгінгідей жаһандық күрделі де ауыр өзгерістердің бізде де орын алып, мемлекетіміздің ахуалы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кежеулей бастаған кезде, туризм саласының елімізді бірден бір тығырықтан шығуға апаратын бағыт екені ешкімге де жасырын емес. Мен өзімнің магистрлік жобамның өзектілігін осы тақырыпта ашқым келетіндігінің де өзіндік маңыздылығы бар. Тақырып аясында әртүрлі басылымдарда жарияланған көптеген шетелдік және қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі дәлелді тұжырымдарын оқып, білгенімдей, мәдениет пен туризм бірігіп, бағыттың тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігі экономиканың негізгі қозғаушы факторлары екені анықталды.

Ресейлік Е.А. Клопот пен Э.В. Мануйленко айтқандай «Туристік сапар-бұл белгілі бір турдың бір түрі. Адамдар негізінен оларды бос уақыттары болған кезеңінде денсаулығын түзету, ойын-сауық мақсатында немесе танысу, тіпті спортпен айналысу үшін жасайды. Адамдар үшін дұрыс туризм-күнделікті жұмыстан алшақтап, жаңа жағымды эмоциялар мен сезімдерді алу және өзінің танымдық көкжиегін кеңейту. Әртүрлі туристік ресурстар-табиғи, мәдени және тарихи-бұлар туризмді дамытудың дінгегі» [1]. Расында да адамды табиғаттан ажырату-оның физикалық, психологиялық жай-күйінің тұрақтылығын әлсіретеді. Ал өзіміздің жерлестеріміз Г.А. Медиева., А.И. Козин., Г.К. Майгожиналардың пайымдауынша қазіргі әлемнің жаһандануы жағдайында туризм айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бүгін ол күрделі болып табылатын табиғи, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени ресурстарды қамтитын әлеуметтік-экономикалық жүйе, қолданыстағы инфрақұрылым немесе туристік қызметті құру үшін жарамды өнім, дамыған әдістеме және көптеген технологиялар қажет. Қазақстан үшін шикізат экономикасы аса маңызды рөл атқаратын ел ретінде қазіргі жағдайдағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс және шикізат бағасының тұрақты құлдырауы(ең алдымен мұнай) туризмнің қарқынды дамуын бірдей мүмкіндікте әртараптандырудың пәрменді бағыттарын жүргізу- тұтастай алғанда елдің экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуі мүмкін [2]. Біздің зерттеуімізше туризм саласындағы экономикалық қызмет ұлттық кірісті құруға ықпал етеді. Ал кірген кірістерді ұлғайту ұлттық экономиканы көтеруге оң әсерін тигізеді. Ол өз кезегінде экономиканың басқа салаларын да дамытып, ұлттық маңызға ие табыстардың өсуіне әкеледі. Осы кезге дейін мұнай көптеген елдер сияқты біздің мемлекетімізге әрқашан экономикалық дамуға сенімді рөл атқарып келді және көбінесе эксклюзивті көмек болды. Бірақ мұнай нарығындағы бағаның құлдырауына ешкім кедергі бола алмайды. «Х»

сағаты келді, біздің мемлекетіміздің мұнай ақшасына тәуелділіктен бас тартып, экономиканың шынымен де мүмкін болатын басқа салаларын дамыту туралы ойланатын кезі келді.

Экономика ғылымының магистрі Р.Б. Қапарованың айтуында аграрлық экологиялық типтегі туристік-рекреациялық аймақтарды құру мүмкіндіктері Қазақстанның көптеген облыстарында бар. Агротуризм-деградация процесін жеңудің маңызды факторы- ауылдық аумақтарды дамыту, мәдени мұраны және аймақтың ұлттық ерекшелігін сақтау. Ол басқа секторлармен салыстырылатын ауыл халқының табыс деңгейін көтеріп, инженерлік инфрақұрылымды дамытады және ауылдық округтерінің Еңбек ресурстарын, өндірістік және табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану дәрежесін жоғарлатады [3]. Р.Б. Қапарованың пікіріне толықтай келісе отырып, біздің қосатынымыз-нағыз қазақы орта тек ауылда бар. Және де еңбек етудің қай түрінен де қаймықпайтын олар үшін әр жаңашылдық пайдалы болып табылады.

Өзінің «Қазақстан Республикасында ауыл туризмін дамытудың алғы шарттары» атты еңбегінде А.Ш. Шакен былай деп атап көрсеткен: «Туризмнен шалғай және ауылдық аудандардың тұрғындары да осы сала алған жалпы пайданың бір бөлігіне қол жеткізе алады. Бұл өз кезегінде ауылдың теңгерімді және тұрақты әлеуметтік дамуына көп ықпал етеді. Туризм, яғни адамдардың мүмкіндігі бар жағдайларда ауылдық өмір салтын ұстануды жалғастыру және отбасыларды қаладан тыс жерлерде өсіруде урбанизацияға балама болады. Егер халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуде туристік саланың әлеуетін ескеретін болсақ және бизнесті жүргізу үшін мүмкіндіктер жасау үшін біз осы сектор қабілетті деп санаймыз. Қазақстанда жергілікті туризм моделін пайдалану негізінде шалғайдағы ауылдар мен аудандар үшін қаржы түсімдердің елеулі көлемін қамтамасыз етуге болады. Рекреациялық тұтынушылардың қалауын өзгертудегі заманауи тенденциялар, балама, бұрын қолданылмаған немесе аз пайдаланылатын рекреациялық ресурстар-қызмет көрсету және демалушылардың экологиялық санасын, туристік қызметтің жаңа түрлеріне сұраныстарын қалыптастырады. Олардың қатарына ауылдық ресурстар да кіреді. Ауыл туризмі – Қазақстан үшін түбегейлі жаңа базалық жер болып табылатын рекреациялық сала» [4]. Осындай ғылыми тұжырымдаманың жалғасы ретінде А. Тлеубаева мен А.Сакеннің пікірлерін дәлел ретінде жұмысыма қосқым келеді. Олардың пікірінше, туризм саласындағы жергілікті, ауылдық бизнес жақсы жолға қойылғанда ауыл туризмін ғана емес, сонымен қатар аймақтың тұрақты дамуына әкелуі мүмкін. “Think globally, act locally” – жаһандық ойлаңыз, жергілікті әрекет етіңіз, жергілікті экономика жалпы дағдарыстан әрдайым қауіпсіз және ауыр соққы алмайды. Сондықтан, өркендеген, тұрақты ауылдық туризмі бар елдің әр аймағында тұрақты дамыған экономикалық аймақ болуы мүмкін [5]. Әрине, қазіргі таңда ауылдық округтерде жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқаруға көшуіне байланысты ауылдық жерлерде жергілікті өзін-өзі басқару

функцияларын іске асыруға бағытталған ақша түсімдері мен шығыстарының жоспары қалыптасқанын ескеруіміз керек.

Халықаралық туризмде туристік кластерді Қазақстанның ұлттық экономикасының бір бөлігі ретінде қарауды ұсынған Н.А. Парфисенко «Мемлекет экономикасының дербес саласы бола отырып, туризм-табыс алу, халықтың әл-ауқатын жақсарту мүмкіндігімен, оның жұмыспен қамтылуын ұлғайту, елдің бәсекеге қабілеттілігін күшейту арқылы мемлекеттің табысты әлеуметтік-экономикалық даму факторына айналуына толық мүмкіндігі бар» деп орынды дәлел келтіруде. Оның айтуынша «Қазақстанда туристік саланы дамытуға мемлекеттік органдардың орынды жәрдемдесуі өзара іс-қимылы кезінде ғылыми негізделген стратегияға сәйкес туризмнің проблемалары мен міндеттерін шешуге негізделуі тиіс. Ең алдымен ел халқының саны мен тұрмыстық менталитетін есепке ала отырып, зерттеулерді жүргізу тақырыптың өзектілігін анықтайды. Мақсат- кластерлік жүйені негіздеу болып табылады және халықаралық туристік және экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштеріне Қазақстан экономикасындағы белсенді туризм кіреді. Осыған байланысты туризмді теориялық және практикалық, халықаралық және халықаралық қатынастарды дамытудың жаңа мүмкіндіктері ретінде іздеудің маңызы зор. Сондықтан еліміздегі мемлекеттік бағдарламалардың мақсаты да ел туризмін дамыту және алынған нәтижелерді елдің ұзақ мерзімді экономикалық өсуін одан әрі қамтамасыз ету пайдалану.

Туризм шикізат өндірісіндегі минералды ресурстарға балама болып табылады әрі Қазақстанда табысты туристік саланы дамытуды ұйымдастыруды орынды қалыптастыру, одан әрі ынталандырылатын өңірлердегі кластерлер-барлық өнеркәсіп салаларын қамтуға қабілетті инфрақұрылымдар халықаралық туризмнің дамуына экономикалық әсер етеді. Туристік кластерлер-бұл біріктірілген жүйенің байланыстырушы жүйелік туристік нарық. Бәсекеге қабілетті кластерлерді қалыптастыру үшін өңірде мемлекет тарапынан бағдарламалар әзірленді және бағдарламалар сырттан келетін халықаралық туризмге ықпал етеді. Өңірдің кластерлік дамуының әлеуетті бағалау үшін талдау жүргізу қажет. Кластерді қалыптастыру кезінде туындайтын сөзсіз кедергілерді анықтау және халықаралық тәжірибені зерделеу, алынған нәтижелерді дұрыс ұйымдастыруға пайдалану керек. Кластерлік модель авторы М. Портер ұсынған бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу аймақтық туризм кластерлеріне табиғи туризмнен басқа көрнекі орындар, дамыған ілеспе қызметтер, соның ішінде қонақ үй бизнесі, тамақтану, кәдесый өнімдері, мәдени ойын-сауық іс-шаралары кіреді.

Қазақстан өңірлерін инфрақұрылымдық дамыту саласындағы туризмнің үлесі жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) шамамен 0,3% құрайды. Негізі Қазақстанда туризм саласының проблемалық мәселелері мыналар болып табылады:

Біріншіден, инженерлік-көліктік және туристік инфрақұрылым жеткіліксіз дамуы, екіншіден, күрделі және көп сатылы әкімшілік кедергілер, сондай-ақ

нарықта туристік өнімдерді халықаралық деңгейде жеткіліксіз жарнамалық-имидждік жылжыту. Туристік даму бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингісінде Қазақстан инфрақұрылымдары 87-орынға орналасты. Күрделілігі бойынша визалық режим сияқты әкімшілік кедергілер 99-орында және тек Брендинг пен маркетингтің тиімділігі бойынша ел 125-ші орында. Барлығы статистикалық зерттеуге 140 ел қатысты.

Алайда, бүгінгі таңда туристік сала Қазақстан экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде танылды [6].

Қазіргі заманғы туризм экономикалық құбылыс ретінде:

- өнеркәсіптік нысанға ие;
- жинақталмайтын және тасымалданбайтын туристік өнім мен қызметтер ретінде қолданылады;
- жаңа жұмыс орындарын жасайды және жиі жаңа аймақтарды дамытуда және ұлттық экономиканы жедел дамытудың катализаторы болып табылады;
- мамандандырылған туризм елдерінің ұлттық табысты пайдасына қайта бөлу механизмі ретінде қолданылады;
- ұлттық табыстың өсуі, жұмыспен қамту және жергілікті инфрақұрылымды дамыту және жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттырудың мультипликаторы болып табылады;
- тиімділіктің жоғары деңгейімен және инвестициялардың жылдам қайтарылуымен сипатталады;
- оның ресурстық базасының негізін құрайтын элементтер табиғат пен мәдени мұраны қорғаудың тиімді құралы ретінде әрекет етеді;
- экономиканың барлық салалары мен адам қызметінің түрлерімен үйлесімді, себебі олардың дифференциациясы және дискреттілігі адамдарға қажетті орындар мен танымына деген қажеттіліктерін тудыратын рекреациялық орталардың әлеуетінің айырмашылығын тудырады [7].

Қазақстандағы тұрақты туризмнің заманауи жай-күйі мен даму перспективаларын өз еңбегінде анық көрсете алған замандасымыз А.Уайсова былай дейді: «Қазақстанда туризмнің бірнеше бағыты, соның ішінде іскерлік, белсенді, жағажай сияқты, дамуға бағытталған туризмнің негізгі алты өнімі: МІСЕ-туризм, мәдени туризм және турне, белсенді және шытырман оқиғалы демалыс, таулар мен көлдерде, жағажай туризмі және қысқа демалыс бағыты бар. Қазақстанның барлық өңірлері үшін қойылатын ең тартымды туристік өнімдерге экологиялық туризм жатады. Туризмнің басым түрлерінің бірі болып табылатын экотуризм мақсаты – салыстырмалы түрде таза табиғаты, табиғи және мәдени-этнографиялық бұл аймақтың ерекшеліктері бар жерлерге саяхат. Осы кезеңде нарықта туристік қызметтердің әр түрлі бір күндік және көпкүндік экотурлары болады. Ол да туризмді мемлекеттік қолдау- қажет саланың тұрақты дамуының шарты екендігін, оның ішінде туризмнің маңызы атап айтқанда, ауыл туризмі, оның ұлттық экономикадағы рөлі елдер оның артықшылықтарымен байланысты дамуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ жергілікті инфрақұрылым және халықтың өмір сүру деңгейінің өсуі

ауылдардағы жана жұмыс орындары ашылуына ықпал етеді деп отыр [8]. Біздің нақтылағанымыз, жергілікті ауыл тұрғындары өз кәсібін ашуға мемлекеттік қолдауды қажет етеді. Мемлекеттік бағдарламаның қол жетімді несиелері көбіне ауылдық жерге жетпей жатады. Бірінші қол байлау ол-екінші деңгейлі банктердің кепіл сұрауы, екіншіден, ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүліктің нарықтағы бағасын төмен бағалауы. Сондай-ақ қаржылық сауатсыздықтың салдары да жеткілікті.

Көптеген Еуропа елдерінде агротуризм қарқынды дамыған немесе ауылдық туризм және әртүрлі модельдер бар (Британдық, француз, неміс және т. б.) және бұлар туризмнің түрлері мен мәдени, іс-шараларға бай ерекшеліктерді сипаттайды. Өңірде ауыл туризмін ілгерілету ауыл шаруашылығы өндірісін, ұлттық колоритті және аумақтың өзіндік ерекшелігін қолдана отырып, инновациялық туристік өнім жасауға толық жәрдемдеседі, жергілікті халық үшін экономикалық және әлеуметтік әсерге және тұтастай алғанда, ауылдық жерлердің тұрақты дамуына кепілдік береді.

Ауыл туризмі (агротуризм) –табиғи, мәдени-тарихи және де басқа да туристік кешенді құру үшін жергілікті жер мен оның өнім ерекшеліктерін пайдалануға бағдарланған туристік индустрия секторы[9].

Ауыл туризмі экотуризм сияқты қоршаған ортаны, жергілікті мәдениетті сақтауға және бұл бизнес жергілікті халықтың әл-ауқатына ықпал етуі керек.

Ауылдық қонақжайлылық- ауыл туризмі дамуының бірінші кезеңі.

Іс жүзінде Қазақстанның кез келген ауылында туристерді қабылдау және орналастыру үшін ауыл туризмін дамытудың артықшылықтарын ескере отырып, ең алдымен, ауыл тұрғындарының да, тұтас өңірлердің де әл-ауқатын арттыру жағдай жасау керек. Туризм тұрақтылығы тұрғысынан мәселелерді зерттей отырып, біз қоршаған ортаға да, қоршаған ортаға да, жергілікті қоғамға да жағымды әсер ететін экотуризмді және ауылдық жерлерді дамыту идеясын ұстанамыз.

И.Ю. Рей, А.Е. Жансагимованың зерттеулерінше Түркия сияқты елдерде мемлекеттің қолдауы есебінен Туристік саланы дамытудың оң тәжірибесі, Малайзия, Таиланд және БАӘ туризмді дамытудың тиімді стратегиясының мысалы болып табылады және бұл индустрияның дамуы ел экономикасының барлық секторларына оң әсер етеді. Қазақстан Республикасының кең аумағының Азияның географиялыққа орналасуы, Еуропа мен Азия арасындағы сауда қатынастары жағынан тиімді, елдің бай мәдени-тарихи мұрасы және бүгінгі күнге дейін сақталған дәстүрлері туризмді сәтті дамытуға барлық негіз бар [10]. Толықтай келісеміз, өйткені «Ұлы Жібек жолы» экономикалық сауда байланысы елдердің Қазақстанды өзара тоғысатын алтын көпіріне айналдырады.

Тақырыптық зерттеу аясында «Тұран» Университетінің профессоры С.А. Каленованың Қазақстанда мұнай бағасының белгісіздігі кезінде туризмді дамыту қажеттілігі туралы мақаласын оқыдым. Аталған мақала бүкіл әлемнің экономикасының дамуында маңызды орын алатын туризм саласына арналады. Себебі Еуропа кеңістігіндегі санкцияларға, мұнай бағасының түсуі, әлемдік

экономикалық дағдарысқа қарамастан әлем күн сайын бейімделуде. Адам ізденгіш тұлға ретінде, сондықтан артық қаражаттық мүмкіндіктері болса әлемді өз көзімен көргісі келеді. Туризм секторындағы экономикалық қызмет ұлттық табысты құруға үлкен үлес қосты. Бұл жұмыс орындары туризмге тікелей тәуелді болған адамдардың барлығына қатысты. Бұл жағдайда біз туризмда табысты құруда тікелей әсері туралы айтып отырмыз. Туристік кәсіпорынмен жұмыс істеп табылатын әрбір теңге құралдардың бірінші айналымында және алынатын табыс қайтадан кәсіпорын есебінен кетеді, сөйтіп жаңа табыстар пайда болады, бірақ бұл үшінші және басқа тұлғаларда. Егер бұл тұлғалар туристік кәсіпорын үшін қандай да бір тауарларды жеткізуші рөлінде болса, онда бұл жағдайда ғана туризмда табысты құру жанама әсері қызметі туралы айтуға болады. Туризмда табысты құру ұлттық табыстың өсуіне ықпалын тигізеді. Туристік саладан алынған табыс экономиканың басқа салаларында да жаңа табысты пайда болуын себеп болады. Сондықтан туризмда ұлттық табыстың өсуі әсері ең алдымен мемлекеттік мағынаға ие болады. Осыған байланысты мемлекет бюджетінде табыстың төмендеуі мерзімінде біз туристік инфрақұрылымның қарқынды даму қажеттілігін ойлауымыз керек [11].

Қазақстан халқының 42 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Қазіргі әлемде пандемия өршіп тұрғанда мезгілде аурушандық ауыл адамдарынан арасында бәсең кейіпте. Қалалықтар тар қапастан қашып, кең жерлерге, табиғат аясында көбірек болуға тырысуда. Және ол үшін қаржыларын да аямайды. Адамның мәні рахат алуға бағытталған және ол демалыс қарқынды жұмыс күнінен кейін қажет. Ал егер адам босаңсымаса демалмайды және оған күш-қуатты қайтадан қалпына келтіру өте қиынға соғады. Бұл әсіресе қалалық жерлерде тұратын адамдарға қатысты. Қазіргі адамзаттың басынан кешкен стресстері түрлі ауруларға, психоздарға, бұзылуларға алып келеді. Сондықтан туризм белгілі дәрежеде көпшілік үшін панацея болып табылады. Туризм эстетикалық, ақпараттық және физикалық ләззатты біріктіреді. Сондықтан, тіпті табысы төмен адамдар да мүмкіндігінше саяхаттауға тырысады. Бүгінгі таңда отбасылық демалыс жиі үрдіске айналуда. Еліміздің кез келген бұрышында адамзат баласының жақсы мәдени демалуына жеткілікті табиғи экологиялық, экзотикалық нышанды келбеттер кездеседі. Мейлі ол таулы жер болсын, жазық дала болсын, орман-тоғай болсын, өзен-сулар болсын, біздің жерімізде де керемет демалыс орындары боларлық табиғи ерекшеліктеріміз ендігі жерде өзгенің көз қуанышы, өзіміздің мақтанышымыз болатынын шақ туды. Нархоз Университетінің «Туризм» кафедрасының меңгерушісі, доцент Е.А. Абенованың пікірінше қазіргі өмірдің динамикасын ескере отырып, белсенді жұмыс істейтін көптеген туристік фирмалар, санаторийлер, курорттар және демалыс үйлері қала тұрғындарына жұма күндері 2-3 күн қала маңындағы санаторийлер мен демалыс үйлерінде «демалыс» бағдарламасын ұсынады. Осылайша, емдік - сауықтыру туризмі-туризмнің перспективалы және әсіресе азаматтардың орта және жоғары жас санаттары арасында сұранысқа ие

бағыты. Ал Қазақстанда ішкі туризм бағыттарының бірі ретінде емдеу-сауықтыру туризмін дамыту үшін барлық жағдай мен мүмкіндіктер бар[12].

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері мен мемлекеттік қолдау шаралары туризм индустриясын басты серпінді дамыту факторларының бірі болып табылады.

Туристік инфрақұрылымы дамыған елдерде бұл сала мемлекет пен жеке инвестициялардың белсенді қолдауымен дамып жатыр.

Мысалы, Испания мемлекеті гранттық субсидиялауды жобаның 30 % жүзеге асырады, ал Португалияда мемлекет 10 жылға дейін пайызсыз кредитті туризм объектілерін салуға берсе, Малайзияда туризм объектілері салықтан түбегейлі босатылған.

Оңтүстік Африка Республикасында Халықаралық нарыққа қолжетімділікті қолдау бағдарламасы мен Туризм саласындағы ШОБ сапасын арттыру бағдарламасында көрмелерге, шоу-румдарға қатысу, сапа белгілерін алу (НАССР, ISO) және т.б. шығыстарының 30 % - 50 % мемлекет тарапынан өтеу көзделген.

Пуэрто-Рикода туризм мен круиздік индустрияны қолдау жүйесі қызмет етеді, онда 50 % салық жеңілдіктері, 10 жыл мерзімге салықтан босату сияқты преференциялар көзделген.

Мажарстанда туризм саласында біліктілікті арттыруды мемлекеттік қолдау бағдарламасы, салықтық преференциялар, инвестицияларының көлемі 50 млн. еуродан асатын, кемінде 50 жаңа жұмыс орнын құратын инвесторлар үшін қаржылық субсидиялар көзделген.

Өзбекстанның тәжірибесі де қызықты, мұнда туризм саласын мемлекеттік қолдау 5 бағытта жүргізіледі: ШОБ қолдау, қонақүйлерді салу және жаңғырту, тікелей инвестицияларды ынталандыру, туристерге арналған көлік сатып алуды қолдау, технологиялар енгізуді ынталандыру. Мысалы, Өзбекстанның туристік компаниялары 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін туристік кластағы әкелінетін автомобильдер үшін кедендік төлемдерді төлеуден босатылады. Тікелей шетелдік инвестицияларды тартатын және экономика салаларында туристік қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар тікелей жеке шетелдік инвестициялары 300 мың АҚШ долларынан бастап 3 млн. АҚШ доллары болса – 3 жылға, 3 млн. АҚШ долларынан бастап 10 млн. АҚШ долларына дейін болса – 5 жылға, 10 млн. АҚШ долларынан астам – 7 жылға заңды тұлғаларға табысқа салынатын салықтардан, әлеуметтік инфрақұрылымды абаттандыру және дамыту салығынан, микрофирмалар мен шағын кәсіпорындарға салынатын бірыңғай салық төлемдерінен, сондай-ақ Республикалық жол қорына төлейтін міндетті төлемдерден босатылады.

Халықаралық тәжірибе мемлекеттің туристік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасауға, жеке инвесторларды тартуға, туристік индустрия субъектілерінің қызметі үшін қолайлы экономикалық жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталған белсенді саясаты туристік саланың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алуына мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сонымен қатар, әлемдік

тәжірибе туризмді белсенді дамытатын елдер өз азаматтарын сапалы туристік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ете отырып, айтарлықтай бюджет қаражатын ұлттық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға жұмсайтынын куәландырады [13]. Туризмді экономиканың басым бағыты ретінде айқындаған елдердің халықаралық тәжірибесін талдау туристік қызметті мемлекеттік қолдаудың бірқатар анағұрлым тиімді шараларын көрсетті:

1) Қарама-қайшы басымдықтарды біріктіру үшін елдің басшылығы тарапынан бірқатар жылдар бойы келе жатқан тікелей саяси ерік және қолдау.

Марокко Корольдігі. 2000 жылдардың басында Марокко королі VI Мохаммед туризм мәртебесін экономиканың стратегиялық секторы ретінде бекітті. Марокко Үкіметі «Пайымдау – 2010» туризмді дамыту стратегиясын әзірледі. Осы стратегияның маңызды элементі алты жаңа жағалаудағы курорттық аймақты "басынан бастап" салу жөніндегі жоспар (Азур жоспары) болып табылды. Осы Жоспарды іске асыру үшін 2007 жылы бірнеше мемлекеттік кәсіпорын базасында туризм инфрақұрылымына инвестициялау бойынша жаңа оператор – SMIT (Марокко туризмдегі инжиниринг қоғамы) құру жөнінде шешім қабылданды. SMIT-мынадай міндеттерді іске асырады: жаңа жағалаудағы курорттық аймақтарды салуға жер учаскелерін бөлу; осы аймақтарды салуға арналған мастер-жоспарлар мен ТЭН әзірлеу, жер учаскелерін сатып алу және сату, инфрақұрылымды салу және жеке инвесторларды тарту. Сонымен қатар, «Пайымдау – 2010» стратегиясын іске асыру кезінде ЕО-мен ашық әуе кеңістігі туралы 2006 жылғы екіжақты шарт шеңберінде әуе қатынасын ырықтандыру елдің туристік саласын дамыту үшін зор мәнге ие болды. Әуе қатынасын ырықтандыру, көбіне жаңа әуе желілерінің авиатасымалдаушыларына және еуропалық бюджеті аз авиатасымалдаушыларына қону құқығын беруді; ұлттық бюджеті аз жаңа AtlasBlue, Jet4You және авиатасымалдаушыларын жаңа әуе бағыттарын құруды қамтиды. Осы шаралар авиабилеттерге бағалардың айтарлықтай төмендеуіне және халықаралық жолаушылар (туристер) ағынының жалпы ұлғаюына әкелді.

Малайзия. 90-жылдардан бастап туризм Малайзияны дамытудың бесжылдық экономикалық жоспарларында маңызды орын алып келеді. Осы жоспарлар шеңберінде салықтық жеңілдіктер беру (кіріске салынатын салықтан босату немесе қонақ үйлерді және басқа да туристік объектілерді кеңейтуде және жаңғыртуда кері инвестициялау кезіндегі жеңілдіктер; импорттық баждардан толық босату) арқылы туризмнің ауылдық, экологиялық, круиздік және басқа да түрлерін дамыту үшін стратегия қалыптастырылды;

2) мамандандырылған агенттіктерді, қорлар мен операторларды құру арқылы ірі курорттық аймақтарды дамытуда мемлекеттің тікелей қаржылық қатысуы.

Мексика Құрама Штаттары. 70 жылдары Үкімет екі қорды – INFRATUR (Туризм инфрақұрылымын дамыту қоры) және FOGATUR (Туризмге кепіл беру және жылжыту қоры) қосу негізінде Туризмді дамытудың ұлттық қоры –

FONATUR құрды.

FONATUR-дың негізгі міндеті Канкун, Инкара, Лос-Кабос, Хаутулько және Лорето бес ірі жағалау курорттық аймағын "басынан бастап" дамыту болып табылды. Осы курорттарды дамыту мақсатында FONATUR қарыз қаражатын және жеке инвесторларды тарту, қала салу және өңірлік жоспарлау мәселелерімен қатар жер меншігі мен жылжымайтын мүлік нарығының мәселелерімен де басшылық рөлді өзіне алды. Қазіргі уақытта қол жеткізілген нәтижелерін есепке ала отырып, FONATUR курорттарды дамыту процесіндегі жанама рөлді өзіне алды және негізгі күш-жігерді мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуға бағыттады.

Испания Корольдігі. 60-жылдары ENTURSA мемлекеттік компаниясы құрылған болатын, ол неғұрлым жаппай жағажай демалысына арналған қонақ үйлерді салумен және басқарумен айналысты. Нәтижесінде осы қонақ үйлердің көпшілік бөлігі жекешелендірілді;

3) Қаржылық жеңілдіктер және туристік объектілерге инвестициялауды қолдау тетіктері.

Египет Араб Республикасы. 70 жылдары еркін экономикалық аймақтарды құру және мемлекеттік компаниялар мен шетелдік инвесторлардың бірлескен кәсіпорындарын құруға рұқсат беру туралы Заң қабылданды, оның шеңберінде шетелдік инвесторлар бірлескен кәсіпорындардың кіші серіктесі ретінде инвестицияларды салу құқығын алды, он бес жылға дейінгі мерзімге салықтар төлеуден босатылды, мемлекет тарапынан жер учаскелерін меншік құқығына қатысты кепілдіктер алды.

Шетелдік инвесторлар сонымен қатар шетел қатысатын жергілікті компаниялар сияқты алынған кірістерді шетелге шығару құқығына ие бола отырып, мемлекеттен капиталға қатысты кепілдіктер алды;

4) Туризмнің инженерлік-коммуникациялық, көліктік және "икемді" инфрақұрылымын құруды тікелей мемлекеттік қаржыландыру (білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету, ақпараттық қамтамасыз ету), сондай-ақ туристік индустрияда неғұрлым маңызды жобалар құру.

Елдің имиджін тиімді жылжыту және үлкен туристік ағынды тарту үшін шетелде сонымен қатар ел ішінде кең ауқымды маркетингтік және жарнамалық науқан жүргізіледі.

Егер әлемдік практикаға сүйенетін болсақ, онда әлемнің озық елдерінде туризмді басқару моделі саланы табысты дамыту үшін маркетингке шоғырланған, әлемдік конъюнктураның жаңа сыны мен өзгерістеріне жедел ден қоя отырып, бизнеспен тығыз өзара іс-қимылда болатын орталық және жергілікті уәкілетті органдардан басқа анағұрлым икемді жеке құрылымның бар болуы қажет екенін көрсетеді. Халықаралық тәжірибе кәсіби «дестинацияларды басқару және олардың маркетингі» – Destination marketing organizations – (бұдан әрі – ДМО) өңірлік сонымен қатар ұлттық деңгейде де жоғары тиімділікті дәлелдеп келеді. Сонымен, Италия Республикасын шетел нарығында жылжытуда басты рөл туризм жөніндегі Италияның ұлттық басқармасына ("ENIT") жатады. "ENIT" негізгі функциялары маркетингтік

зерттеулер, жергілікті туристік әкімшіліктердің халықаралық қызметін үйлестіру болып табылады. "ENIT" орталық атқарушы билікке (шартты түрде Өндірістік қызмет министрлігі жанындағы Туризм департаментіне) бағынады және толық бюджеттен қаржыландырылады (жылына шамамен 30 млн.АҚШ долл.).

Франция Республикасына туристерді тарту жөніндегі қызметпен Францияның ұлттық туристік үйі айналысады, оның бюджеті мемлекеттік қаражаттың түсуі есебінен қалыптастырылады.

Германия Федеративтік Республикасында сыртқы маркетингі Неміс туризм орталығы жүзеге асырады. Ұйымды федералдық үкімет құрды және оның шетелде өкілдіктері бар. Ұйымның негізгі мақсаты ел үшін сонымен қатар туризм үшін қолайлы Германия Федеративтік Республикасының имиджін жасау және оны сақтау болып табылады.

Испания Республикасында осындай маркетингтік сана Индустрия, энергетика және туризм министрлігінің құрылымына кіретін және әлемде Испания туризмін жылжытуға жауапты "Turespaña" ("Turspain") компаниясы болып табылады [14].

Туризм, әрине, әрбір ел үшін ең маңызды индустрия саналады. Кіріспен қамтамасыз етумен қатар, әр түрлі мәдениетке ие елдер немесе жерлер өз мәдениетін немесе мұрасын шоғырландырып, тартымды туристік бағыттарға айналады. Адам рахат алу, демалу және жан тыныштығын жоғарылату үшін бір жерден басқа жерге саяхат жасайды. Уақыттың орын ауыстыруы адамға күнделікті кестеде оңай өзгеруге мүмкіндік береді. Мәдениет қоғамның дәстүрлері мен рәсімдерін ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемде танымал түрлі фестивальдердің мерекесін қамтиды. Мәдени көрнекті орындарға тарих, музыка, би, қолөнер, қажылық, мұра тілі мен тағамдары кіреді.

Туристер қолжетімді, қауіпсіз және ақшаның толық құнын қамтамасыз ететін орындарға баруды қалайды. Туристердің осындай қажеттіліктерін ескере отырып түрлі елдердің үкіметтері туристерге олардың барлық қажеттіліктері үшін жеткілікті кеңістік береді. Мысалы, Үндістан, ең танымал туристік бағыт болып табылады, елде бар әр түрлі мәдениеттерге назар аударатын «Керемет Үндістан» жарнамалық акциясын бастады. Раджастан – әлемге танымал тағамдарымен ең жарқын штаты болып саналады, ал халық биі – туристік көрікті жердің негізгі орталығы болып табылады. Сондай-ақ, өнер туындылары мен қолөнер бұйымдары да бұл жерде жоғары бағаланады. Үкімет осындай эксклюзивті заттарды экспортқа шығаратын «Export Emporium» және «Delhi Hatt» сияқты эксклюзивті орталықтарды құрды.

Туризмге қатысты жарнамалық акцияларды өткізуге көптеген қаржы жұмсалады, сондықтан олар туристер үшін тартымды орын болып қала береді. Үнді мәдениетінде қонақтарға Құдайдың жанынан орын беріледі және «Atichi Devo Bachwa» ұғымымен байланысты. Мұнда жас ерекшеліктеріне қарай да ажыратылған. Қарт адамдар экономикалық тиімді бағамен сапалы медициналық қызметтер ала алатын жерлерге барады. Осы тұрғыдан алғанда, Үндістан бірінші орынға шықты. Жас және жігерлі адамдар көңіл-күйлер мен

қызықты оқиғаларға толы жерлерді таңдайды. Мұндай жағдайларда жағажайлар немесе таулары бар жерлер ең қолайлы жерлер болып саналады.

Мысалы, Гоа бірегей мәдениетіне байланысты бүкіл әлемге танымал болды. Бұл сондай-ақ, онда адамдар «Кумбх Мала», «Навратри және Дандиа түндері», «Біртұтас байлық ойындары» секілді ұйымдастырылған түрлі мәдени және рухани іс-шараларға қатысу арқылы рахатқа бөленетін туризмнің мәдени ерекшелігі болып табылады. Адамдар өз ақшаларының толық құнын алғысы келетіндіктен, олар толық ойын-сауықпен бірге үнемді орынды таңдайды. «Аювведтік» емдеу жүйесі, СПА мәдениеті және басқа да факторлар Үндістанды саяхатату орны ретінде таңдауға тартымдылығын арттырады. Әлемге әйгілі «Тәж Махал», әлемнің жеті ғажайыптарының арасында, махаббаттың символы, бай үнді мәдениетіне ұласады, туристерді тартады.

Әлемнің әртүрлі елдерінде әртүрлі заттар атақты. Мысалы, әлемдегі «казино астанасы» деп аталатын Лас-Вегас өзінің түнгі өмірі мен әйгілі казиносымен танымал. Париждің «әлемнің сәнді астанасы» өзінің бай және үнемі өзгертін сәнімен танымал. Мысырдың пирамидалары, мүсіндері және ата-бабаларының өлген денелерін мумия түрінде сақтайтын Египет, Англия өзінің мәдениеті мен массажымен танымал, Еуропаның танымал биі мен Операның музыкалық форматы, Қытай өзінің әлемге әйгілі тамағы ретінде бірегей туристік бағытын қалыптастырған. Үндістан бүкіл әлемге йогасымен де танымал [15].

Қазіргі уақытта Ленинград облысында дәстүрлі аумақтарда өз дәстүрлерін жүзеге асыратын байырғы халықтардың экономикалық қызметі түрі ретінде этно- экономикалық туризмді ынталандыруға бағытталған жобалар әзірленуде. Мысалы, Подпорожский және Тихвинский аудандарында табиғат парктерінің ең әдемі бұрыштары – Вепс орманы орналасқан. Туристер жергілікті жердің таңғажайып табиғи сұлулығымен қатар, тыныш ауыл өмірін және ежелгі адамдардың өмірімен және дәстүрімен тамашалай алады. Ресей өзін-өзі қамтамасыз ететін аймақтық өркениет ретінде әрекет етеді, оның негізі ресейлік рухани мәдениеттің негізін қалайды, мұнда туризм өткен және болашақ арасындағы байланыс ретінде әрекет етеді [16].

Якуттардың салт-дәстүрі сізге якуттардың мәдениеті мен өмірімен, ұлттық тағамдардың дәмді тағамымен танысуға, Ысыах ұлттық мейрамына қатысуға, түрлі ұлттық конкурстарға қатысуға мүмкіндік береді, мысалы, мұздатылған балықты сүйреп апару, арқанмен бірге бұғы ұстауды үйренуге мүмкіндік береді және табиғаттың жанына қалай жалбарынуға болатындығын өз көзіңізбен көруге мүмкіндік бар [17].

Этникалық туризмнің ең маңызды түрі, біздің ойымызша, дәстүрлі мәдениет пен белгілі бір халықтар өмірінің сипаттамаларын сақтап қалған қазіргі елді мекендерге бару. Бұл елді мекендерді үлгілі деп айтуға болады, бұл көшпелілердің, малшылардың, бұғышылардың, аңшылардың, жинаушылардың уақытша тоқтаған жері деп айтуға болады. Мұндай елді мекендер арқылы өтетін туристік маршруттар көптеген елдерде бар.

Осылайша, Мысырдағы ең танымал демалыс түрі – джиптердегі шөлді сафари, туристер бәдәуилердің (көшпелі араб халқы) автотұрақтарына барып, олардың көшпенді өмір салтымен танысады.

Көптеген туристер үшін Латын Америкасы мемлекеті Перуға сапарының мақсаттарының бірі – жергілікті тұрғындары үндістердің дәстүрлі өмір салтымен танысу. Бұл мақсат үшін туристер елдің ішкі аймақтарына, атап айтқанда, Амазон бассейнінің ормандарына барады. Бұл жағдайда этникалық туризмді экологиямен үйлестіру анық байқалады. Осындай жолдар Солтүстік Үндістан мен Солтүстік Тайланд тауларында, Австралияның ішкі бөлігінде және Б. Сундуев, Л.В. Хышектеуевада жүргізілген. Этнотуризм – мұхит аралдарындағы мәдени-танымдық туризм бағыттарының бірі ретінде. Еуропадағы кейбір ауылдық елді мекендерде адамдар кейде туристерді тарту үшін өздерінің ұлттық киімдерін киеді. Әлемнің түрлі өңірлерінде туристер жиі дәстүрлі мерекелер мен фестивальдерінің куәгерлері тіпті қатысушылары болады [18].

Дәстүрлі елді мекендерге бару үшін туристер жергілікті шеберлердің түрлі өнімдерін кәдесыйлар ретінде қуанышпен сатып алады, ұлттық тағамдардан дәм татуға тырысады.

Туризмнен алдыңғы қатарда орын алатын Түркия еліне барушылар онда жағажайда демалумен қатар сол елдің мәдениетін көруге де барады. Атап айтар болсақ он ғасырлық тарихы бар «дервиши» биін тамашалауға әлемнің түкпір түкпірінен туристер келеді. «Сема» немесе «зікір» деген салтанатты атқа ие бұл айналма биді көруге туристер арнайы дервиши кештеріне билеттер сатып алады. Және бұл елде дервиши биінің мұражайларын көрсету мен тарихын таныстыру үшін арнайы бөлек турлар ұйымдастырылған.

Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан Исатай ауданы (бұрынғы Новобогат) - тарихы терең, мәдениет пен өнері тамырлы, қазба байлықтарымен дәулеттенген киелі мекен. Кеңес дәуірінде іргесі қаланып, ал егемендікке қол жеткізіп, көк Туымыз көгімізде алаңсыз желбірген жылдарынан бері экономикасы өркендеп, мәдениеті асқақтаған ауданның құрылғанына биыл 92 жыл толды. Ғасырға қол созған осы кезеңдерде аудан тарихы сан түрлі оқиғаларды бастан өткеріп, өзгерген өңірге айналғанына мұрағат деректері мен тарихи деректер куә. Тоғыз жолдың торабында орналасқан, батысы Құрманғазы, шығысы Атырау, оңтүстігі Махамбет, солтүстігін теңіз шайған қала іргесіндегі тарихи аймақта лағыл құмы мен көкбурыл сағымы, Каспийдей алып теңізі, аста төк мұнайы Хамит Ерғалиев, Фариза Оңғарсынова, Нұралы Әжіғалиев, Күзембай Әміров сынды ақындардың жырына арқау болып, Қаршығадай күйшінің сазына бөленген, батыр аналары талай атақты марқасқаларды дүниеге әкелген қасиетті өлкеде тұрудың өзі бір бақыт. Бүгінде дамудың даңғыл жолына түскен осынау мекенде әлеуметтік-экономикалық мәселелер көбіне оң шешім тауып, бір кездері қара жерден мұнай айырып, теңіздің тайдай балығын талғажау еткен өңір халқы көп мехнаттан құтылудың амалдарын бірлесе тауып, ауылшаруашылығы құрылымдарын табысты ету үшін әлі де еңбектеніп келеді. Атап айтқанда, төрт түлегін өсіріп, шұбаты мен қымызын сауып, жақсы күндерін көрудің жайын жасауда. Исатай ауданының аумағы қаншалықты ұлан-ғайыр болса, халқының да көңілі баладай аңғал, даладай кең, атымтайдай жомарт, тура және шыншыл, әрі сыншыл. 92 жылды артқа тастап, шежіресі ғасырға жуықтаған киелі мекеннің бүгінде асығы алшысынан тұрып, экономикасы қарыштап дамып келеді. Аудан аумағында орын тепкен «Жайықмұнайгаз», «Сазанқұрақ», «Потенциал Ойл», «Светланд Ойл», «Прикаспиан Петролеум» сынды болашағынан зор үміт күттіретін алпауыт компаниялар аудан экономикасына зор үлес қосып отырғаны рас. Аудандағы еңбекке жарамды азаматтардың дені де осы кәсіпорындардан нәпақа айырып келеді. Ал, кезінде Исатай мен Махамбет батырлардың тұяғының дүбірі қалған, Фариза апамыздың кіндік қамы тамған Манаштағы жел генераторының салынуы-Елбасы Жолдауында көрініс тапқан «Жасыл экономика» құру жөніндегі тапсырмамен жарасымды үндесіп тұр.

Қазіргі уақытта ауданның 97 пайызы газдандырылып, от жағып, күл шығару азабынан құтылған болса, ауыз судан да таршылық көріп отырған исатайлықтар жоқтың қасы. Осының бәрі-өңірдегі келелі істердің басы-қасында жүрген азаматтардың арқасы. Тәуелсіздік алғалы біз ғалам деп аталатын кең дүниенің ажырамас бөлшегі екенімізді сезіндік. Бұрын-соңды жабық болған әлем бізге жақындап, түрлі өркениеттер мен рухани құндылықтар құшағын айқара ашып, біз де өзімізге қажетті дүниені содан іздейтін болдық. Арғы-бергі ұмыт қалған ата-бабаларымыз бен түп-түқиян шежіремізді, тарихымызды қалың архивтерден қазып, туған елге әкелдік.

Өңірдегі мұнайлы кәсіпорындар, ауылшаруашылық құрылымдары туралы терең тарихи деректер баршылық. Махамбет пен Исатай батырлар ат ойнатқан әйгілі Нарын құмы, Еділ мен Жайық бойындағы әулиелер мекені, көне қорымдар, естелік-ескерткіштер, Манащ, Қызтуған белдері, Мыңтөбе, Үштаған, Айбас шоқылары, теңіз жағалауындағы құба жондар-барлығы да қайта зерттеліп, тың мәліметтермен қайта толығып отыратыны белгілі. Ауданымыздың алтын қақпасы-Қамысқала, кие қонған Зинеден мен Исатай, ортадағы Нарын мен Жанбай, киелі Тұщықұдық және темір жол торабы-Аққыстау ауылдарының қай-қайсысы да бүгінде 90-шы жылдардағы бұйығы қалпынан арылып, экономикасы қарыштап, сай-салада төрт түлік малы көбейіп келеді. Оған уақыт пен көрініс куә. Тоқырау заманда өндірісі тұралап, халқы бордай тозбаса да, ауылдан қалаға үдере көшкен қиын кезеңдер артта қалып, ауылды жайлаған қалың көпшіліктің бүгінде бет ажары қайта жарасым тапты. Адам жанына қажетті барлық коммуналдық қажеттіліктер шешімін тауып, кешегі от жағып, күл шығарған кезеңдер де біртіндеп артта қалды. Сөйтіп, қаймана қазақтың құтты қонысы болған ауыл тірлігі түзелді.

2 Кестеден көріп отырғанымыздай ауданның негізгі салалары бойынша экономикалық өсім үш жыл қатарынан жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгеніміз байқалады.

3-Кесте. Исатай ауданының негізгі экономикалық көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	2018ж.	2019ж.	1.10.2020ж	%
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, <i>млн.теңге</i>	46 731	178218	86 161	92,1
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, <i>млн.теңге</i>	6 391,9	6 393,6	4 987,3	100,4
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемі, <i>млн.теңге</i>	15 897,0	36 537,0	9 531,0	30,1
Орташа айлық еңбекақы*, <i>теңге</i>	238 570	253 489	312 242	122,5
Ескертпе – [23] дереккөз негізінде автормен құрастырылған				

Географиялық орналасуы. Исатай ауданы облыс орталығы Атырау қаласынан батысқа қарай орналасқан. Түстігінде Батыс Қазақстан облысы елді мекендерімен, оңтүстігінде Каспий теңізімен астасқан аудан шекарасы шығыс, солтүстік-шығысында Махамбет (әрі қарай Ресей мемлекетінің Оренбург қаласы), батысында Құрманғазы аудандарымен (әрі қарай Ресей мемлекетінің Астрахань қаласы) шектесіп, 460 331 және 4 800,51 солтүстік ендікті, 490 261 және 510 251 шығыс бойлық аралығын алып жатыр. Жер аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай 165 шақырым, ал батыстан шығысқа

қарай 130 шақырым. Жерінің жайылымдық бөлігі құм өңірінде орналасқан. Нарын құмы Каспий маңы ойпатының солтүстік-батыс бөлігінде, Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан. Әкімшілік тұрғыдан Атырау облысының Құрманғазы, Махамбет аудандары және Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы, Жаңақала және Ақжайық ауданының оңтүстік бөлігін қамтиды. Аумағы 40 мың шаршы шақырым. Құмды өңір орта есеппен теңіз деңгейінен 21 м төмен жатыр.

Ауданның әкімшілік орталығы Атырау қаласынан 75 шақырым жерде орналасқан-Аққыстау ауылы болып табылады. Ауданның жалпы көлемі-469 539 ш.м. 7 ауылдық округ, 16 елді мекеннен құралатын 307 129 ш.м. адам тұратын аумақта 28 072 халық қоныстанған. «Атырау-Астрахан» теміржолы, «Ақтөбе-Астрахан» халықаралық автомобиль жолы, «Теңіз-Новороссийск» халықаралық мұнай құбыры, «Қиғаш-Атырау-Өзен» су құбыры, «Мақат-Солтүстік Кавказ» газ құбыры аудан территориясы арқылы өтеді.

Пайдалы қазбалары. Ауданымыздың жер қойнауындағы ең басты қазынасы-мұнай байлығы болып табылады. Еділ-Жайық арасындағы жерасты байлығын барлау жұмыстары ғасырдан бұрын зерттеліп, XX ғасырдың алғашқы он жылдығында ағылшын мұнайы өндірісі алыптары келіп бұрғы салғанымен, мұнай байлығын геологиялық зерттеу 1957 жылдан бастап ғана жоспарлы жүргізілді. Көп жылғы ізденістер нәтижесін беріп, Мартыши ен алаңының төменгі юра және бол қабаттарында мол мұнай бар екендігіне көз жеткізілді. 1963 жылы № 1 скважинадан мұнай фонтаны атқылады. Мұнай өндіріліп отырған негізгі қабаттар 1964-74 жылдары бұрғыланған іздеу-барлау ұңғыларының геофизикалық зерттеу жұмыстарының тұжырымдамасының қорытындысы бойынша мезо-кайназой шөгінділері дәлелденіп, жер қабаттарының литологиялық сипаттамасы бойынша төменгі перм, триас, юра, бор, неоком, неоген горизонттары ашылды. Сонымен қатар іздеу-барлау ұңғылары Батыс Новобогат. Жаңаталап кен алаңдарында бұрғылау жалғасуда. Кезінде бұл аймақтағы мұнай қоры 70,8 млн тонна шамасында деп жобаланса, осынау елу жылға жуық уақыт ішінде болжанған қордың 80 пайызға жуығы игеріліп, 56,8 млн тонна мұнай ел игілігіне жаратылды. Қалған қор-13,6 млн тонна. Көріп отырғанымыздай, аудан экономикасына негізгі әсер етуші мұнай-газ өндірісі өнімінің көлемі азайып отыр (6 Сурет).



6 Сурет – Исатай ауданының өнеркәсіп өнімінің көрсеткіші

Ескертпе – ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

Климаты мен экологиялық жағдайы. Аудан табиғаты мен климаты жер бедеріне, оның рельефіне байланысты. Ауданның жер бедері жазықтық болғанымен, геоморфологиялық тұрғыдан жер бетінің биіктігі барлық аудандарда теңізге қарай көлбеулене ылдилай түседі. Сондықтан да теңіз үстінен бөлінген ылғалдылық жел сол бағыттан соққанда ғана әсерлі байқалады. Аудан аумағының Еуразия құрлығына ішкерлей еніп жатуы ауа райының тым континентальдығын қалыптастырып, қысы салқын, жазы тым ұзақ әрі ыстық болуына әкеліп соқтыруда. Соңғы жылдары көктем кездерінде де ылғалдың аз түсуінен қуаңшылық орын алып келеді. Сондықтан гидротермикалық коэффициент 0,2-0,3 мөлшерінен аспай келеді. Топырақта ылғалдың жетпеуі, жауын-шашынның аз түсуі, құм өңіріндегі ылғал көзінің тереңге қашуы, ең бастысы, аумақта сортаңды-тұзды жерлердің көп болуы өсімдік жамылғысының қалың өсуіне мүмкіндік бермейді. Атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің мардымсыздығы салдарынан жыл бойына аңызак желімен, шаңға толы дауылымен, ылғалдың ауаға бостан-босқа тарайтын пайдасыз булануымен, кейде тіпті қысқы қардың өз мөлшерінен аз түсуімен жайсыз ауа райы қалыптасып келеді. Облыс бойынша жауын-шашынның жылдық мөлшері 220-230 мм болса, қуаңшылық жылдары ол мөлшер 80 мм шамасында қалады. Шілде айында ыстық мөлшері 40-43 градус болады. Дегенмен Исатай ауданы экология қаупі төнген аумаққа ресми тіркелмеген. Ең бастысы, соңғы жылдарда ауданда зияны мол жерасты алау газын арнайы зауыттар салу арқылы жергілікті шикізат ретінде тұтыну рыногында пайдалану экологиялық жүйедегі үлкен қадам саналып отыр.

Өсімдіктер дүниесі. Ауданның Жалтыр көлінен түстіктегі теңізге дейінгі бастау алатын жер аумағы осыдан екі ғасыр бұрын Каспий теңізі астында болған. Ғылыми зерттеулер көрсеткеніндей, теңіз тартылған кезеңдерінде эрозиялық қабаттар түзіліп, осындай табиғи құбылыстардың салдарынан

пайда болған көлтабандар, сортаң жерлердің көп болуы заңдылық, оның үстіне шөлейт аймақ климаты қалыптасуынан өсімдік жамылғысының ащы түрлері ғана өседі. Өсімдіктер алабының құрамы қатқыл жерлерде бір бөлек, Нарын құмында одан өзгеше шөптермен ерекшеленеді. Теңіз жағалауы қара жусанды, қатқыл бойы табаны бұйырғын мен сортаң сияқты ащылыққа бейім өсімдіктермен көмкерілген. Көктем кездерінде жер ылғалдылығын жақсы көтеретін мортық, ақшиін, шытыр, ебелек, бидайық сияқты уақытша жеуге жарамды өсімдіктер қаулап өсіп, жан-жануарларға жұғымды болып келеді. Бұл уақыттарда құм жазықтығында ақ жусан, алабота, ебелек, майқаңбақ, қияқ, шырмауық, сүттеген, желкен, шағыр, түйежапырақ, құланқұйрық, ақселеу, құртқашаш, жуа, қойжуа, сіңбірік, шәлпи сияқты азықтық калориясы мол өсімдіктер өсіп жетіледі. Қатқыл бойы, теңіз жағалауларында жаппай өсетін қара жусан, сарғалдақ, шытыр, изен, ши, қарабарак, құрақ, жантақ, бұйырғын өсімдіктері мал азығына қолайлы дақылдар. Аудан аймағында жылдың қай кезеңінде де талғамай өсіп, көктік түсін жоймайтын жыңғыл, дүзгін, ақтікен, адыраспан, итсигек, сексеуіл, балықкөз, сортаң сияқты өсімдіктер көптеп кездеседі. «Қызыл кітапқа» енген далалық шырмауық, құмаршық, құм жуалар қатарына соңғы жылдары сирек көрінетін ажырық, алабота, изен, ақшиін шөптерін қосуға болады.

Жануарлар дүниесінде бауырымен жорғалаушылар және кеміргіштер үлесі басым. Қазақстанның табиғаты шұрайлы саналатын жерлерінде кездесетін «Қызыл кітапқа» енгізілген құстар мен хайуанаттар бұл аймақта тіптен кездеспейді. Шөлейт зона, тұзды климатқа шыдамды қоян, қосаяқ, қасқыр, құмтышқан, сарышұнақ, т.б., сүтқоректілер, жылан, кесіртке, батпан сынды бауырымен жорғалаушылар, бақа, құрбақа тәрізді қосмекенділер көптеп кездеседі. Соңғы жылдары құм мен қатқылды бірдей мекен ететін киіктер бұл өлкеден мүлдем қоныс аударып кетті. Құс әлеміне көз салсақ аққу, шағала, жапалақ, көгершін, қарақұс, қарлығаштар, торғай жергілікті мекен етушілер болып табылады. Аудан Каспий теңізі жағалауымен шектесуіне орай бекіре тұқымдас балықтар (бекіре, шоқыр, қорытпа) қоры бұрын мол болғанымен, соңғы жылдардағы жаппай браконьерлік бұл балық түрлерінің азаюына, олардың сапасының нашарлап кетуіне әкеліп соқтыруда. Қазба каналдары мен өзекшелерде торман, алабұға, шортан, қызылқанат, қаракөз балықтары көптеп кездеседі.

Исатай ауданы - тек мұнай-газ өндіру, балық аулау, мал шаруашылығын өркендету емес, сонымен қатар туризмді дамытуға да зор мүмкіншілікке ие өңір. Облыстық әкімияттың 2003 жылғы 8 желтоқсандағы № 265 қаулысымен ұсынылған «Атырау облысында туризм саласын дамытудың 2004-2005 жылдарға арналған Бағдарламасында» көрсетілгендей Атырау облысының бірегей табиғи және мәдени әлеуетіне, әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне туризмнің икемді ықпалдасуына, жер бедерінің және табиғатының әркелділігіне негізделген, туристердің кез келген сұранымын қанағаттандыруға қабілетті, қазіргі заманғы туристік индустрия неғұрлым серпінді дамып келе жатқан және салаға салынған капиталдың қайтарымы

бойынша тиімді табиғи жүйе құраушы факторы болып табылады. Туризммен сабақтас салаларды (көліктік коммуникациялық инфрақұрылым, сервис, құрылыс, сақтандыру және т.б.) дамытуға және инвестициялық белсенділікті негізделген аудандық туристік өнімнің кешенді түрде іске асырылуы халықтың жұмыспен қамтылуын және ел табысының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы эко және этнотуризмді дамыту бағыты бойынша әлем картасындағы ең үлкен көл-Каспий теңізінің Атырау облысы Исатай ауданының территориялық бөлініс аумағындағы 120 шақырымды құрайтын аққұмды жағалауын және жағалауға жалғасып жатқан Нарын (Мыңтеке) құмының табиғи ерекшеліктерін пайдаланудың мүмкіндіктері де, артықшылықтары да өте зор. Мыңтеке ақ құмының суға еніп жатуы-су астының тазалығына бірден бір әсер ететін фактор. Бұл жердің осы ерекшелігі Біріккен Араб Әміршілігіндегі Дубайдың табиғатына қатты ұқсас. Біз осы жерді елдің дамуына қажетті мақсатқа пайдалана алмай отырмыз. Ауылдан 200 м жерде өтіп жатқан «Атырау-Астрахань» көлік жолы жақын уақытта мемлекеттің «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде «Батыс Европа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне айналады. Алматыдан бастау алатын бұл экономикалық күре тамыр Азия елдерінен, Қытайдан келетін тауарлардың легін Ресей, Беларусь, Солтүстік Кавказ, Европаға шығаратын бірден бір төте жол болмақшы. 2022 жылға дейін салынып бітетін осы жол арқылы қаншама адам табыс табады. Атырау облысында шамамен 500 мың -ға жуық адам тұрады. Негізгі табыс-мұнай өндіруден алынатындықтан атыраулықтар қаржылы топқа жатады. Осы қаржыны демалушылар өзімізде демалыс орындары болмағандықтан шет елге барып демалып, өзге елдің қорын молайтып, экономикасының дамуына беріп жатыр. Осы қаржыны ұстап қалатын бірден бір амал-Забурын шығанағында жоқ дегенде әр түрлі бағыттағы 2-3 отель салыну керек. Мұнда суға түсу маусымы мамыр айының үшінші онкүндігінде басталып, тамыз айының аяғына дейін созылады. Бұл жерде маса, сона да көп болмайды деп сенімді түрде айтуға болады. Барлық жағалауда су кейін қайтса да бұл жерде су тұрақты қалып келе жатыр. Мемлекет тарапынан оқушылар демалатын жазғы лагерьлерін ұйымдастыруға өте қолайлы аймақ. Онсыз да жыл сайын аудан мектептеріндегі оқушы балаларға ауыл мектебінің ішінен сауықтыру лагерін ашып отыр. Теңіз жағалауында өз бетінше 2-3 күндеп демалушылар саны жыл сайын көбеюде. Жергілікті тұрғындардың түйе, бие сауып, шұбат пен қымыз сататынын ескеріп, теңіздің шипалы жылы самалымен емделуге әрбір қазақстандыққа, тіпті шет елден келетін туристерге арналған қонақ үйлер салатын болса Зинеден мен қатар қоныстанған Исатай ауылдарының адамдары жұмысқа тартылып, түсетін салық мөлшері де көбейеді. Бұл істердің жасалуы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына апаратыны сөзсіз. Облыс орталығының қолдауымен трассадан ауылға 3 км кірме жол тартылғалы отыр. Жағалауға 1,5 км жерде электр желісі мен 1,5 км жерде газ құбыры өтіп

жатыр. Теңіз жағасынан демалыс орындарын салатын кәсіпкерлерге осы инфрақұрылымды тартып беру және шағын кеме, катер келетін су жолын тереңдету жұмыстары мемлекет тарапынан жасалу керек. Себебі, кәсіпкерге бұл жұмыстарды өз бетінше жасауға, қазуға рұқсат берілмейді. Тап осылай демалыс орындары бар Мальдив аралдары туристерді ең көп тартып отырған жер. Аралдардың қонақ үйлеріне келетін су жолдары су түбін тереңдетіп қазылып жасалған. Мальдив аралдарының геологиялық, географиялық сипатына біздің Забурын шығанағының орналасқан жерінің сипаты өте сәйкес келеді. Су біртіндеп тереңдейді. Суға түсу маусымы ұзақ. 3-4 км-ге созылып жатқан шомылатын судың асты 1,5 км-ге дейін қайраң таза құм. Суға түсу мерзімі біткеннен кейін бұл жерге құс пен балық аулау демалысын ұйымдастыруға әбден ыңғайлы. «Атырау-Астрахань» трассасынан 5 км қашықтықта жағасын су шайып жатқан бұл жағалау облыс орталығы Атырау қаласынан 180 км, ал көрші Ресей мемлекетінің Астрахань қаласынан да 180 км қашықтықта орналасқан. Атырау облысында әлі күнге дейін теңіз жағалауынан осындай мақсатта бірде – бір қонақ үй салынған жоқ. 2018 жылы осы жерде оқушыларға арналған жазғы демалыс лагерьлерін салу туралы облыс басшылығына ұсыныс жасалды. Негізінен бұл бағытта алғашқы жұмыстар да басталып жатыр. Анығын айтқанда өңірдің сәулет және қала құрылысы кеңесімен Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы Зинеден-Исатай ауданындағы демалыс аймағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеуде. 2017 жылы теңіз жағалауынан жобалық-құжаттамасының құнының өзі 49 млн теңге тұратын 500 балаға арналған «Оқыту-сауықтыру-демалу» кешенін салу үшін 20 га жер берілді. Жоба бойынша бұл алып кешен жыл бойы өз қызметін алыс-жақыннан келетін балаларға қызмет көрсететін болады. Бұл жобаның іске қосылуы өзге де шағын және орта бизнес өкілдерінің қатысуымен ересектерге арналған демалыс, саяхатшылық, тіпті таза ауада демалу үшін стандарттарға сәйкес киіз үйлер мен шатырлардың көбеюіне алып келеді. Этносипаттағы ауыл есебінде Зинеден ауылы сол демалыс аймағының бір бөлігі ретінде қарастырылса, ауылдағы халықтық емшілік пен қолөнер ісмерлерінің тәжірибесі арқылы мәңгілік құндылықтарымыз да насихатталады.

Қазір әлемде эко және adventure (приключение) туризмдеріне қосарланған беталыстар байқалуда. Себебі, adventure табиғатқа соншалық зиян келтірмейді, сондықтан эко және саяхатшылық туризмді осы аумақта дамыту мүмкіндігі зор.

Исатай, Қызыл үй елді мекендерінде Араб Әмірліктерінде бар, қазіргі таңда демалыс сәніне айналған саффари үшін нақты құм таулар бар. Осыдан 3 жыл бұрын жергілікті кәсіпкеріміз «Атамекен» деген атпен құмдағы демалыс орнын ашып, жан-жақтан қызығушылық танытып еді. Кейін белгісіз себептермен тым жақсы істі аяқсыз қалдырды. Бұл жерге де инфраструктура жақын жерге келіп тұр. 2017 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы шеңберінде елді мекенге ауыз су құбыры тартылды.

Дүние жүзіндегі озық елдердің даму тәжірибесі бәсекеге қабілеттілік кез келген өңірдің экономикалық дамуының ерекше маңызды факторымен бағаланады.

Қазақстандағы эко және этнотуризмді дамыту бағыты бойынша әлем Каспий теңізінің Исатай ауданындағы территориялық бөлініс аумағы 120 шақырымды құрайтын аққұмды жағалауын және жағалауға жалғасып жатқан Нарын (Мыңтеке) құмының табиғи ерекшеліктерін пайдаланудың мүмкіндіктері де, артықшылықтары да өте зор.

Ауданның жері түгелімен Каспий ойпатының орталық бөлігінде, шөлдік белдемде орналасқан. Батысының басым бөлігін төбешікті Нарын, Бозанай және Мыңтеке құмдары, шығыс бөлігін Жайық алабы және Каспий жазығы алып жатыр. Ауданда 7 ауылдық округ, 16 елді мекен бар. Халқының саны 27 мың адамды құрайды. Жайық өзенінен тартылған Бақсай және т.б. каналдар бойында Тұщықұдық ауылының шығысында бір кездері тұрғындармен алма, қарағаштар егілген Едіге тоғайы, ел арасында «Мыңқол» немесе «Мыңкөл» (нақты аты белгісіз) аталып кеткен жерлерде тоғайлар бар. Ауданның солтүстік-батысында, Жанбай каналының бойында 72 га жерді алып жатқан бұл тоғайда емдік қасиеттерге ие жидек, жыңғылдар өскен. Кең жазықтағы табиғи өскен осы орман алқабын мемлекет қорғалатын аймаққа ресми кіргізіп, мұнайлы елдің шырайлы жеріне айналдырып, ортасына демалыс орындарын салса, жергілікті тұрғындардың жұмыс көзіне, шағын және орта бизнестің дамуына оң әсерін тигізіп, сырттан келетін туристерге аң аулап, демалатын өте жақсы демалыс орнына айналу мүмкіндігіне ие болып шыға келер еді. Аудан орталығынан батысқа қарай 2 шақырым (км) жерде архитектуралық ескерткіш «Таскран» шекаралық мұнарасы бар. 1870 жылдардың басында саман тас пен қамыстан тұрғызылған. «Таскран» ары – бері өткен жолаушыларға ескінің ескерткішіндей әсер қалдырады және қызығып қараған жолаушылар ескерткіштің жанында фотосуретке түсіп жүреді. Каспий теңізінің жағалаулардың ішінен ауданнан теңізге шыға алатын жалғыз жол - Зинеден ауылында. Ауыл аудан орталығы Аққыстаудан оңтүстік-батысқа қарай 100 км жерде орналасқан. XIX ғасырдың ортасында орыс көпестері иелік еткен балық кәсіпшіліктерінің орталығы болған. Кемелер Жыбырлақ мүйісімен айналып, Забурынға келген. «Астрахань-Гурьев» параходына мінген жолаушылар Каспий теңізінің ақжал толқындарының ар жағынан сұлу көрінетін осы құрылықты көріп қызыққан. Жер атауы «Забурьями» сөзінен шыққан деген жорамал бар. Жері құмайт, бетегелі-төбелі, шағылды, шығанақ деуге де келеді, себебі су құрғаққа еніп жатыр. 1,5-2 км-ге дейін судың тереңдігі 50 см-ден аспайды. Осы жағалауға еніп, бойлап жатқан ақ құмды Мыңтеке құмының ұзындығы батыстан шығысқа қарай 120 км-ге созылып, ені 30 км құрайды. Құмның суға еніп жатуы-су астының тазалығына бірден бір әсер ететін фактор. Бұл жердің осы ерекшелігі Біріккен Араб Әміршілігіндегі Дубайдың табиғатына қатты ұқсас. Біз осы жерді елдің дамуына қажетті мақсатқа пайдалана алмай отырмыз. Ауылдан 200 м жерде өтіп жатқан «Атырау-Астрахань» көлік жолы жақын уақытта мемлекеттің

«Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде «Батыс Европа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне айналады. Алматыдан бастау алатын бұл экономикалық күре тамыр Азия елдерінен, Қытайдан келетін тауарлардың легін Ресей, Беларусь, Солтүстік Кавказ, Европаға шығаратын бірден бір төте жол болмақшы. 2022 жылға дейін салынып бітетін осы жол арқылы қаншама адам табыс табады?! Атырау облысында шамамен 500 мың -ға жуық адам тұрады. Негізгі табыс-мұнай өндіруден алынатындықтан атыраулықтар қаржылы топқа жатады. Осы қаржыны демалушылар өзімізде демалыс орындары болмағандықтан шет елге барып демалып, өзге елдің қорын молайтып, экономикасының дамуына беріп жатыр. Осы қаржыны ұстап қалатын бірден бір амал-Забурын шығанағында жоқ дегенде әр түрлі бағыттағы 2-3 отелье салыну керек. Мұнда суға түсу маусымы мамыр айының үшінші онкүндігінде басталып, тамыз айының аяғына дейін созылады. Барлық жағалауда су кейін қайтса да бұл жерде су тұрақты қалып келе жатыр. Теңіз жағалауында өз бетінше 2-3 күндеп демалушылар саны жыл сайын көбеюде. Жергілікті тұрғындардың түйе, бие сауып, шұбат пен қымыз сататынын ескеріп, теңіздің шипалы жылы самалымен емделушілерге, тіпті шет елден келетін туристерге арналған қонақ үйлер салатын болса Зинеден мен қатар қоныстанған Исатай ауылдарының адамдары жұмысқа тартылып, түсетін салық мөлшері де көбейеді. Бұл істердің жасалуы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына апаратыны сөзсіз. Жағалауға 1,5 км жерде электр желісі мен 1,5 км жерде газ құбыры өтіп жатыр. Теңіз жағасынан демалыс орындарын салатын кәсіпкерлерге осы инфрақұрылымды тартып беру және шағын кеме, катер келетін су жолын тереңдету жұмыстары мемлекет тарапынан жасалу керек. Тап осылай демалыс орындары бар Мальдив аралы туристерді ең көп тартып отырған жер. Аралдың қонақ үйлеріне келетін су жолдары су түбін тереңдетіп қазылып жасалған. Мальдив аралының геологиялық, географиялық сипатына біздің Забурын шығанағының орналасқан жерінің сипаты сәйкес келеді. Су біртіндеп тереңдеп, 3-4 км-ге созылып жатқан асты 1,5 км-ге дейін қайраң таза құм. Суға түсу мерзімі біткеннен кейін бұл жерге құс пен балық аулау демалысын ұйымдастыруға әбден ыңғайлы. «Атырау-Астрахань» трассасынан 5 км қашықтықта жағасын су шайып жатқан бұл жағалау облыс орталығы Атырау қаласынан 180 км, ал көрші Ресей мемлекетінің Астрахань қаласынан да 180 км қашықтықта орналасқан. Аймақта әлі күнге дейін теңіз жағалауынан осындай мақсатта бірде –бір қонақ үй салынған жоқ. 2019 жылы теңіз жағалауынан жобалық құны 420 млрд теңге болатын 500 балаға арналған «Оқыту-сауықтыру-демалу» кешенін салу үшін 20 га жер берілді. Жоба бойынша бұл алып кешен жыл бойы өз қызметін алыс-жақыннан келетін балаларға қызмет көрсететін болады. Бұл жобаның іске қосылуы өзге де шағын және орта бизнес өкілдерінің қатысуымен ересектерге арналған демалыс, саяхатшылық, тіпті таза ауада демалу үшін стандарттарға сәйкес киіз үйлер мен шатырлардың көбеюіне алып келеді. Нарын құмы – Каспий маңы ойпатының солтүстік-батыс бөлігінде, Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын

алып жатыр, аумағы 40 мың шаршы км, теңіз деңгейінен 21 м төмен орналасқан. Жер астында тұщы су қоры бар. Шөлге тән жүзген, қияқ, құмаршық, адыраспан, жусан, жабайы жуа, т.б. және ойыстау жерлерінде терек, жыңғыл, сексеуіл өседі. Аңдардан қасқыр, түлкі, күзен, қарсақ, қоян, т.б. уақ аңдар кездеседі. Исатай, Қызыл үй елді мекендерінде Араб Әмірліктерінде бар, қазіргі таңда демалыс сәніне айналған саффари үшін нақты құм таулар бар.

Туризмді жүзеге асыруға қатысты ұсынылатын әр қызметтің өзіне тән себептері бар екені анық. Біздер материалдарды зерттеу барысында көптеген ғылыми негізді еңбектерде туризмнің себептері мен мақсаттарына байланысты және түрлері бойынша анықтау мен жіктеудің әртүрлі нұсқалары бар екендігі айтылатынын байқадық. Яғни туризмді мақсаттары бойынша жіктеуді келесі түрлерге бөлуге болады және Исатай ауданында осы түрлерді дамытуға толық мүмкіндіктер барлығын төмендегі карта арқылы көрсететіп, ұсынамыз:


- Рекреациялық туризм-демалу және емделу мақсатындағы сапарлар;
- Танымдық туризм-табиғи, тарихи және мәдени көрікті жерлермен танысуды көздейтін туризм;
- Іскерлік туризм-іскерлік келіссөздер, бизнес кездесулер өткізу үшін жасалатын сапарлар;
- Ғылыми туризм-ғылым мен техниканың жетістіктерімен танысу, конгрестер мен конференцияларға қатысу, сапардың ғылыми-зерттеу бағыты;
- Этникалық туризм-ата-бабаларының Отаны мен туыстарына бару.



7 сурет – Исатай ауданының туристік картасы

Сонымен қатар, Дүниежүзілік туристік ұйымның рекреациялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және мамандандырылған туризмді дамыту мәселелеріне арналған құжатына сәйкес туризмнің бес негізгі түрі бөлінді: теңіз жағалауы, қысқы туризм, белсенді туризм, Мәдени-іс-шаралар және білім туризмі. Халықтың өмірінің жақсаруымен және экономикалық, әлеуметтік және саяси саланың дамуымен туризмнің жаңа түрлері мен бағыттары, релаксация мен демалудың жаңа түрлері пайда болады, сондықтан бұл тізім тек кеңейеді деп айтуға болады. Туризм түрлерінің кеңеюі мен байытылуы әдеттегі жағажай туризміне және т. б. қызығушылық танытпайтын туристердің мотивтерінің өзгеруіне байланысты [25].

Жеке аймақтың әлеуеті-белгілі бір аумақта рекреациялық қызметті ұйымдастырудың табиғи, тарихи, мәдени және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарының жиынтығы болып танылады[26].



8 сурет – Аудан халқының жұмыспен қамтылуы

Ескертпе – ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

Экотуризм ауылдық туризмнің дамуына ықпал етеді. Европада ауылдық туризмді дамыту арқылы экономикалық қолдауға ие болды. Бізде де ауылдық туризмнің моделін қалыптастыру үшін ең алдымен ауылшаруашылық фактісіне негізделген кәсіпорындар-жеке қосалқы шаруашылықтар, шаруа қожалықтары, ауыл шаруашылығы тұтыну кооперативтері өз бетінше тәуекел бизнесті жасай бастаса, оларда туристік бейімділік пайда болады. Олар туроператорлардың қызметін пайдаланып, өздеріне көмекші етсе, қажетті инвестицияны сырттан тартпай өз ресурстарымен ауылшаруашылық туризмін дамытады. Ауыл туризмін кешенді өркендету үшін барлық тартымды бағыттарды туристер үшін рекреациялық дамытуымыз керек.

Исатай ауданының туристік-рекреациялық әлеуетін дамыту үшін өңірдің туристік-рекреациялық индустриясын ғылыми негізделген дамыту және саланы тұтастай алғанда да, аралас салаларды да құзыретті басқару маңызды шарттар болып табылады.

Исатай ауданының туристік-рекреациялық кластерін қалыптастыру мен дамытудың тиімді стратегиясын таңдау өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын күшті және әлсіз жақтардың (Strengths and Weaknesses), сондай-ақ мүмкіндіктер мен қауіптердің (Opportunities and Threats) үйлесімділігімен негізделген. Факторларды анықтау, күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтау және Исатай ауданының туристік әлеуетін стратегиялық дамытудың бағдарларын әзірлеу мақсатында саланы және оның сыртқы ортасын стратегиялық талдаудың неғұрлым кешенді рәсімі болып табылатын SWOT-талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдісті таңдау-оның тұжырымдамалық қарапайымдылығы мен қол жетімділігіне, сондай-ақ оңтайлы даму стратегиясын таңдауға және негіздеуге мүмкіндік беретін мүмкіндіктерге байланысты. Алайда, SWOT талдауын даму

стратегиясын құру құралы ретінде қолданған кезде, бұл бұрыннан бар ақпаратты жүйелеу тәсілдерінің бірі, стратегияны қалыптастырудың тәсілдерінің бірі екенін түсіну керек. SWOT талдау әдісі аймақтық даму стратегияларын бағалау және дамыту саласында, соның ішінде туризм саласында кең таралған. SWOT-талдаудың мақсаты Исатай ауданының туристік әлеуетін дамытудың мүмкіндіктері мен қауіптерін айқындау болып табылады, оның базасында негізгі стратегиялық бағдарлар қалыптастырылады, онда күшті жақтар әлсіз жақтарын бір мезгілде жою және ықтимал қауіптерді есепке алу кезінде одан әрі дамиды. SWOT-талдау нәтижелері бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаға арналған бәсекеге қабілетті туристік-рекреациялық кластерді дамытудың негізгі бағыттары айқындалатын болады. Исатай ауданының туристік әлеуетін дамыту факторларын SWOT-талдау нәтижелері 1,2-кестелерде келтірілген. SWOT-талдау деректері осы өңірде туризмді кластерлік дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеуде стратегиялардың, іс-шаралардың өзара байланысты кешенін әзірлеу үшін база болып табылады. Осылайша, талдау нәтижесінде келесі негізгі проблемаларды бөлуге болады.

4-Кесте. Атырау облысы Исатай ауданының SWOT талдауы

Күшті жағы (S)	
S1	Пайдалы қазбалар (мұнай мен газ, моллюскалар, дәрілік және құрылыс құмдары) мен дәрілік өсімдіктердің көп болуы (адыраспан, жусан, құмаршық т.б.).
S2	Аймақ аумағында Каспий теңізінде бірегей табиғи туристік аймақтар мен «Нарын» сарықұм саффариын салу мүмкіндігінің болуы
S3	Мал мен балық өсіру өнімдерінің өзіндік өндірісі (ет, сүт, бекіре тұқымдары, белуга, сазан және т.б.).
S4	Жаңартылатын энергия көздерінің болуы (Нарын ауылдық округі, Манаш ауылындағы жел станциясы)

Әлсіз жағы (W)	
W1	Инженерлік-коммуникациялық желілердің айтарлықтай тозу деңгейі
W2	Мал және балық өнімдерін сақтайтын орындардың жоқтығы
W3	Ауылшаруашылық, медицина, туризм салаларында жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі
W4	Елді мекендер арасындағы айтарлықтай қашықтық

4-Кестенің жалғасы

W5	Ауылдық жерлерде кепілдің өтімділігі төмен
W6	Соңғы үш жылдағы халықтың көші-қонының теріс сальдосы
W7	мамандардың жетіспеушілігі және жобаларды басқару тәжірибесі

Мүмкіндіктер (О)

O1	«Бизнес үшін үкімет» және «Азаматтарға арналған үкімет» саяси курсы / Үкіметтің ұлттық жобалардың іске асырылуын бақылау жөніндегі кеңсе құру туралы қаулысы
O2	Соңғы жылдардағы IPO өнеркәсіптік өндірісінің тұрақты нақты өсімі (жыл сайын 2-5%)
O3	«Рухани жағыру» аясындағы тарихи жүне қасиетті жерлерді дамыту;
O4	Атырау қаласының айналасында азық-түлік белдеуін дамыту
O5	Дамыған көлік инфрақұрылымы (теміржолмен қамту, автобан);

Қауіптер (Т)

T1	Шекаралас облыстардың бәсекелестігін арттыру (БҚО, Астрахан)
T2	Барлық қызмет салаларында заңнаманың күрделілігі мен ашықтығының жоқтығы (аукциондарда жер учаскелерін сатудан түскен салық түсімдеріне қатысты);
T3	Ауылдық округтердегі халықтың табысы төмен
T4	Толық емес жоғары жылдамдықты интернет және ұялы байланыс

Ескертпе – автормен құрастырылған

5-Кесте. SWOT талдау және іс-қимыл стратегиясын қалыптастыру

SWOT талдауы негізінде қоршаған ортаны талдау және қалыптастыру	Маңыздылығы (О)	Қауіптер (Т)
	Азаматтар мен бизнеске арналған үкімет, ЖІӨ өсімі,	Ресей Федерациясының шекаралас облыстарынан

5-кестенің жалғасы

	«Рухани Жаңғыру», Атырау қаласының айналасындағы азық-түлік белдеуі, дамыған көлік инфрақұрылымы. Басқарудағы жобалық тәсілді қолдану және Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың жалпы жүйесіне енгізу.	бәсекелестіктің артуы (Астрахан және т.б.); Барлық қызмет салаларында заңнаманың күрделілігі мен ашықтығының жоқтығы (аукциондарда жер учаскелерін сатудан түскен салық түсімдеріне қатысты); Ауылдық округтердегі халықтың табысының төмендігі; Толық емес жоғары жылдамдықты интернет және ұялы байланыс
Күшті жағы (S)	S-Остратегиясы (шоғырлануға негізделген өсу)	S-T стратегиясы Байланысты бағыттарды әртараптандыру арқылы күшті жақтарды нығайту
1. Пайдалы қазбалар (мұнай мен газ, моллюскалар, емдік және құрылыс құмдары) мен дәрілік өсімдіктердің көп болуы (адыраспан, жусан, құмаршық т.б.). 2. Аймақ аумағында Каспий теңізінде бірегей табиғи туристік аймақтарды және «Нарын» құмсалғышын салу мүмкіндігінің болуы 3. Мал және балық өсіру өнімдерінің өзіндік өндірісі (ет, сүт, бекіре тұқымдары, белуга, сазан және т.б.). 4. Жаңартылатын энергия көздерінің болуы (Нарын ауылдық округі, Манаш ауылындағы жел станциясы)	1. Облыста өсіп келе жатқан сату нарығы ретінде ауыл шаруашылығын ескере отырып, азық-түлік кластерін дамыту 2. Бірегей табиғи жерлерді, қасиетті және тарихи жерлерді ескере отырып, ішкі туризмді дамыту (брендинг, жол бойындағы қызмет көрсету нысандары) 3. Құрылыс материалдары өндірісін дамыту 4) Мал және балық өнімдерінің экспортын ынталандыру	1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының нарығында тану үшін жергілікті өндірушілердің өнімдерінің брендтік белгілерін арттыру; 2. Өнімнің өзіндік құнын төмендету үшін жаңартылатын энергия көздерінің желісін кеңейту

Ескертпе – автормен құрастырылған

Ауданның туристік-рекреациялық әлеуеті зор, бірақ оны іске асыру үшін тиісті жағдайлар, туристік инфрақұрылым, кемпингтер үшін орындар жасалмаған. Исатай ауданының көлік-логистикалық инфрақұрылымға қатысты "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық автобанының бойында жол бойындағы сервис кәсіпорындарының тиімді тізбегін құру қажет. Қазіргі

әлемде туризмді дамыту үшін көптеген елдер қалыптасқан туристік өнімдерді жақын орналасқан аймақтар мен елдерге кеңінен және жиі жарнамалаудан тұратын "агрессивті маркетинг" принципін қолданады. Өңірде бірыңғай маркетингтік саясат жоқ, туристік бағыттарда өмір сүру, тамақтану, ойын-сауық орындарын сипаттай отырып, жасақталмаған. Егер жасақталып, пысықталған болса, онда туристер барлық толық ақпаратты арнайы өңірлік туристік интернет-ресурстан ала алады.

Халықаралық тәжірибе саяхат саны мен ұзақтығы табыс деңгейіне, сондай-ақ бос уақыт (демалыс) санына тікелей пропорционалды екенін көрсетеді. Яғни, табыс деңгейінің өсуімен тұрғындар көбірек және ұзақ саяхаттайды. Сандық өсу туристік өнімнің өзіндік ерекшелігі мен сапасына назар аударған сайын бірге жүреді. Егер ішкі нарық қолжетімді бағамен сапалы турөнім ұсына алмаса, онда қазақстандық туристердің басым бөлігі, оның ішінде Атырау облысынан келген туристер өз Отанының шегінен тыс демалатын болады. Алайда, әзірге жалпы халықтың табыс деңгейінің төмендігі, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың бос уақытының нақты болмауы олардың туристік мақсаттарды таңдауын айтарлықтай шектейді. «Атырау облысының Исатай ауданында туризмді дамытудың болашағы» туралы қажетті мәліметтерді сапалық зерттеу әдісі шеңберінде деректерді жинау мен талдаудың әдістерін қолдану үшін Google Form жүйесін пайдалана отырып аудан көлеміндегі туризм саласына қызығушылық танытатын азаматтарға сауалнама жүргізілді.


Зерттеу барысында ішкі сұранысты анықтау үшін аудан тұрғындарына сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны-53. респонденттердің көбі-осы жерде туып-өскен жандар болып шықты.

Сауалнама нәтижесінде келесі фактілер анықталды.

1 сұрақ бойынша сауалнамаға қатынасқандардың 83%-ы осы ауданның жергілікті тумалары болып шықты.

1. Сіз осы ауданда көптен бері тұрасыз ба?


53 ответа



- иә, осы жерде туғаннан тұрып келемін.
- жоқ, бұл жерге жақында көшіп келдім.


2. Өңірде тірлікке қажетті даму көрсеткіштері жеткілікті деп ойлайсыз ба?

53 ответа




3. Өңірдің табиғатын осы жерде тұруға қолайлы деп сезінесіз бе

53 ответа




4. Аудан жеріндегі Каспий теңізі мен Нарын құмы туралы жақсы білесіз бе?

53 ответа




5. Табиғаты ұқсас алыс, жақын шетелдердегі туризм туралы естіп, білдіңіз бе?

53 ответа




6. Сіздің ойыңызша теңіз бен құмды, осы жерде өсетін аңдар мен құстарды, сирек кездесетін өсімдіктерді пайдаланып, ауданда ...лық, этносипаттық туризмді дамытуға бола ма?

53 ответа




9. Осы өңірдегі тарихи жерлердің немесе ескерткіштердің маңыздылығы жөнінде нақты мәліметтер ұсына аласыз ба?

53 ответа




12. Өңір жастарынан туризм саласының мамандарын даярлау үшін тегін арнаулы орта, жоғары білім алуды ұйымдастыру қажеттілігімен келісесіз бе?

53 ответа




13. Өлкені таныстыру мақсатында жергілікті көнекөз қариялардыңауыз-екі аңгімелерінен туристерге арналған жинақшалардың(брошюра) шыққанын қолдайсыз ба?

53 ответа



14. Сіздің ойыңызша аудан көлемінде табиғи пайдалы ресурстардыпайдаланушылар заңдылықтар сақтай отырып, өңірде туризм саласының дамуына ат салысуы қажет пе

53 ответа



9-18 суреттер – Сауланамалар сұрақтары мен жауаптары

7. «Сіз туризмнің қай түрін таңдар едіңіз?» деген сұраққа респонденттер келесіздей жауап берді.



19 сурет – Ауыл адамдарымен таңдалған туризм түрлері

Диаграммадан көріп отырғанымыздай Атырау облысының экологиялық жағдайы жылдан жылға нашарлап бара жатырғандықтан, жергілікті тұрғындар немесе респонденттердің 25%-ы өңірдің табиғи ерекшеліктерін денсаулықтарын жақсартуға пайдалануды көздейді. Оған алғы шарттар бар. Мысалы, құмда денелерін көміп қыздырыну, теңіз суына шомылу, теңіз самалымен терең демалу, балшық жағыну, т.б. Одан кейінгі орында 18%-бен этнотуризм түр. Өңірде этносипаттағы ауыл немесе демалыс кешендерін салуға толық мүмкіндіктер бар. Біз атыраулықтар мен сырттан келетін туристер үшін Атырау қаласының айналасындағы 180 км радиустағы жерлерге демалыс күндерінің дайын турларын, сондай-ақ Каспий теңізі, "Нарын" құмы, жергілікті маңызы бар тарихи объектілерге қысқа турларды әзірлеп, ұсыну қажет деп санаймыз. Осыған байланысты қол жетімді және сапалы туристік өнімді ұсыну қажет: Каспий теңізі және басқа да су қоймаларында жабдықталған және таза жағажайлар, демалыс күндері автобус (немесе аралас теміржол және автобус) турлары, жазғы лагерьлерге сапарлар, қонақ үйлер, балалар мен жастар туризмі, оның ішінде, халықтың осал топтары үшін осы объектілерде жеңілдікті туристік өнім құру қажеттілігі туындап тұр.

Осылайша, Атырау облысы Исатай ауданында туризмді дамыту үшін үлкен әлеуеттің бар екенін атап өткен жөн және бұл туристік ұсыныстарды дамыту мен жинақтауда жүйелі көзқарасты талап етеді. Әр түрлі сегменттердің туристік өнімдерін саралау бәсекеге қабілетті ұсыныс жасауға және жаңа қызметтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ауыл туризмі кең ұғымды білдіреді. Ауыл туризмінің барлық алуан түрлілігін қамтуға тырысқан ауыл туризмінің әмбебап моделі ретінде Дүниежүзілік туристік ұйымның ұсынылған моделін ұсынуға болады (19-сурет)



20 сурет – Дүниежүзілік туристік ұйымның ұсынылған моделі

Ауылдық туризмді тиімді дамыту жоғарыда аталған барлық компоненттердің "мүдделерінің тепе-теңдігі" жағдайында ғана мүмкін болатындығын есте ұстаған жөн. Ауыл туризмінің барлық элементтерінің үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ету үшін жергілікті халықтың, туристердің мүдделерін ескеру және қоршаған ортаға қамқорлық жасау қажет. Бұл ауыл туризмін өркендетудің үштігі деп аталады (20-сурет). Осы үш компоненттің тепе-теңдігі қамтамасыз ете алады тұрақты дамуды қамтамасыз ететін негізгі қағидаларды іске асыру.



21-сурет – Ауылдық туризмнің өркендеуі үшін қажет тепе-теңдік

Табиғатты қорғау принциптері: аймақтың табиғи әртүрлілігін құрметтеу және қорғау, табиғи органы жойылудан қорғау, ауыл аумағына рұқсат етілген жүктемелерді анықтау және бақылау, туризмнің аймақтың флорасы мен фаунасына әсерін бақылау.

Әлеуметтік қағидаттар: әлеуметтік өмір салтын сақтау; жергілікті қоғамның мәдени алуан түрлілігі мен өмір салтының қорғалуына және мызғымастығына кепілдік беретін туризмнің түрін, ауқымын және даму қарқынын қамтамасыз ету; әлеуметтік қайшылықтарды шиеленістіретін туризм нысандарына қарсы іс-қимыл жасау; ауыл туризмін өңірдің экономикалық қызметінің дәстүрлі түрлерімен байланыстыра отырып, жергілікті халықпен өзара түсіністік орнатуға ықпал ететін туризмнің түрін, ауқымын және өсу қарқынын таңдау; жергілікті тауар өндірісі мен сатуды дамытуға ықпал ету.

Экономикалық қағидаттар: табыс табуға, жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ету, қалаға көші-қонды тоқтату; аймақтың экономикалық әртүрлілігін дамытуды қолдау; дәстүрлі тұрғылықты жерлердің жойылуына/ жойылуына жол бермеу.

Мәдени-тарихи қағидаттар: жергілікті мұраға және мәдени әртүрлілікке құрметпен қарау; жергілікті мәдениетке және оны насихаттауға пайдалы туризм түрлерін қолдау; мөртабандарды және көшірмелерді болдырмай туризмді дамыту; аймақтың бірегей мәдени ерекшеліктері туралы ақпаратты белсенді түрде тарату; туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыру; қолайлы бағаға жайлы орналастыру; жергілікті тамақ (қарапайым, бірақ жақсы дайындалған); көркем ландшафттар, жергілікті көрікті жерлер, табиғат; белсенді демалыс түрлері; қолөнер бұйымдарын/ кәдесыйлар сатып алу;; саяхат қауіпсіздігі; халықтың достық қарым-қатынасы.

Бұл принциптерді қолдану ауыл туризмін дамытуды жоспарлау кезінде өте маңызды. Бұл қағидалар ауылдық туризмнің барлық субъектілерінің: қызмет өндірушілердің, туристік агенттіктердің, туристердің, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқарудың қызметіне негізделуі керек. Бұл ауыл туризмін үйлесімді және тиімді дамытуды қамтамасыз етеді. Ауылдық туризмнің артықшылықтарын қарастыру қажет (21-сурет).



22 сурет – Ауылдық туризмнің артықшылықтары

Ауылдық туризмнің дамуы халыққа, бизнеске, табиғатқа, сондай-ақ мемлекеттік және муниципалды органдарға айтарлықтай артықшылықтар әкеледі. Осылайша, ауылдық туризм-бұл аумақтық негізде "ауылдық туризм" санатын құрайтын туризм түрлерінің бірі, бірақ ауылдық туризммен синоним емес. Ауылдық туризм бос уақытты ұйымдастырудың өзіне тән формаларының ерекшелігіне (мысалы, үй жануарларына күтім жасау, жергілікті тағамдар сынағандар, ауылдық жерлерде серуендеу және пикниктер) және туристік сапарларға деген ынтаға (ауылдық жерлермен және ауылдық өмір салтымен танысу) байланысты туризмнің дербес түрі ретінде ерекшеленеді):

6 кесте – Ауылдық туризм дамуының халыққа, бизнеске, табиғатқа, мемлекеттік және муниципалды органдарға тигізетін артықшылықтары

Табиғат үшін:	Мемлекеттік билік органдары үшін:
1. Қоршаған ортаға жүктемені азайтады.	1. Халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайту.
2. Туристердің келуінен қалған қалдықтарды шағын қонақ үйлердің иелері кәдеге жаратады.	2. Әлеуметтік шиеленісті төмендету.
3. Қоршаған табиғаттың сақталуы мен өркендеуіне халықтың қызығушылықтары артып келеді.	3. Отбасы табысын ұлғайту.
4. Шағын қонақ үйлер иелерін семинарларда оқыту барысында халықтың экологиялық білімі жоғарылайды.	4. Отбасы ресурстарын пайдалану салдарынан билік үшін туризмнің бұл түрінің аз шығыны.
5. Ауыл туризміне қатысушылар	5. Туризмді ұйымдастырушылардың күшімен міндеттерді шешу мемлекеттік билік органдарының құрылуы (уақытша және тұрақты жұмыс орындарын ашу, халықтың тұрмысын жақсарту).

қонақ үйлерге қоса берілетін аумақты тазартуға, ауылдық туризм объектілеріндегі кіреберістерді жақсартуға практика жүзінде қатысады.	6. Мәдениет ұйымдарының туристерге қызмет көрсетуден қосымша табыс табу мүмкіндігі. 7. Бюджетке қосымша салықтар. 8. Елді мекендердің сыртқы түрін жақсарту.
Ауыл тұрғындары үшін:	Бизнес үшін:
1. Қосымша табыс табу мүмкіндігі. 2. Өз шаруашылығын жүргізуге ынталандыру тәртібі. 3. Ересек еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің жасампаз еңбекпен айналысу мүмкіндігі. 4. Білім беру деңгейін арттыру. 5. Шет тілдерін белсенді үйренуге ынталандыру.	1. Төлемге қабілетті клиенттердің (дүкендердің, ЖМҚС-тардың, электр байланысы тораптарының, почтаның және т. б.) пайда болуы есебінен қызмет көрсетудің барлық саласының кірістерін ұлғайту т.б.). 2. Сұраныстың өсуіне және кепілдендірілген тауарларды сатумен және қызмет көрсетуге байланысты түрлі өндірістерді құру мүмкіндігі. 3. Іскерлік байланыстар орнату және инвестициялар тарту мүмкіндігі.
Ескертпе – автормен құрастырылған	

Қысқасы, Қазақстан аймағындағы ауа-райы қолайлы, халқы қосымша табыс тапқысы келетін ауылдық жерлерді туризмнің орталығына айналдыру керек. Ауыл туризміні дамыту арқылы біз өзіміздің бірегей брендiмiздi құрамыз. Сол себептен, туризмнің бұл түрін дамыту үшін көптеген іс-шаралар жүргізілуі қажет, мемлекет тарапынан қолдау керек. Ең бастысы ауыл тұрғындарының қонақжайлық қасиетін шыңдау керек.

1.2 Атырау облысы Исатай ауданында туризмді дамытудың болашағы бойынша ұсыныстар

Барлық белсенді қызмет етуші субъектінің экономикасы белгілі бір дәрежеде оның күшті жақтарын анықтауға және пайдалануға, яғни, оның толық әлеуетін дамытуға негізделген. Біз саралап отырған туристік артықшылықтарды жергілікті өңір бойынша анықтау барынша күш-жігер мен ресурстарды белгілі бір бағыттарға шоғырландыруға, шығындарды оңтайландыруға және туризмнің жекелеген түрлерін тиімді дамытуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Мемлекет тарапынан туризмді дамыту үшін қолда бар мүмкіндіктерді іске асыруға жағдай жасау қажет, оған мынадай шаралар кіреді:

- ✓ біріншіден, ішкі және келу туризмі үшін қызықтықтыру үшін өңірдің тартымды имиджін қалыптастыру;
- ✓ екіншіден, туристік саланы неғұрлым тиімді дамыту үшін жақын облыстармен белсенді кооперация құру;
- ✓ үшіншіден, облыста туризмді дамытудың перспективалық бағыттары үшін мақсатты қаржыландыруды бөлу.

Сонымен қатар, мәдени-тарихи және табиғи ескерткіштерді қорғауды, облысшілік инфрақұрылымдық схемаларды дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ туризм саласында және ілеспе салаларда кадрлар даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға үлкен көңіл бөлу қажет.

Атырау облысы Исатай ауданының туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау қорытындысы бойынша бірқатар туристік бағыттарды атап өтуге болады:

- Аудан аумағының Батыс Қытай-Батыс Еуропа трансшекаралық жолымен тұспа-тұс келетін жерлерінде орналасқан неолит дәуірінен келе жатқан қорымдарға мәдени – тарихи, экспедициялық турлар, саяхаттар ұйымдастыру;
- Рекреациялық және сауықтыру туризмі: жағажайлық демалыс, санаторийлік-курорттық ұйымдар (*Каспий теңізіне шомылу, Нарын, Мыңтеке құмдарына қыздырынып емделу, т.б*);
- Табиғи турлар және экотуризм (орнитология, зерттеу турлары);
- Этнотуризм (көшпенділер мәдениеті) және ауыл туризмі;
- Әуесқой аңшылық-олжа және балық аулау;
- Оқиғалар туризмі (жылына 2-3 оқиға, олар үнемі қайталанады);
- Балалар және жастар туризмі;
- Аудан аумағында орналасқан шет елдік және отандық компаниялардағы іскерлік туризм, оларға қызмет көрсету саласын дамыту («Жайықмұнайгаз», «Сазанқұрақ», «Потенциал Ойл», «Светланд Ойл», «Прикаспиан Петролеум» мұнай-газ өндіруші компаниялары).

Барлық жағдайда бұл бағыттардың көпшілігі қиылысады және араласады әрі осындай байланыс белсенді, танымдық, экстремалды және туризмнің басқа

түрлерінің элементтерін біріктіретін күрделі турлар мен аралас өнімдер жасауға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаға теріс әсер ететін, табиғатқа қамқорлық жасаудың оң мәдениетін қалыптастыратын, сондай-ақ ойын-сауық әлеуеті бар экологиялық туризмді дамыту мәселесі бөлек тұр. Туризмнің бұл түріне деген сұраныс аймақта, әсіресе ішкі сұраныста айқын байқалады. Көптеген адамдар табиғатта жабайы туризмді жүзеге асырады, қоршаған ортаны ластайды және зиян келтіреді. Осыған байланысты экотуризмнің үлгілі нұсқасын қалыптастыру және енгізу, теріс әсер етіп қана қоймай, оң әсер ететін тиісті өнімдер мен талаптарды әзірлеу қажет.

Аудан аумағында эко-туризмді дамыту үшін барлық алғышарттар бар: табиғи ландшафтан теңіз, тұмса тоғайлар, құмды шағылдар, өзендер, сондай-ақ қолдан жасалған ландшафтты атап өтуге болады, оларға: мұнай скважиналары, жасанды тоқ өндіруші жел диірмендері, балық өнімдерін өндіруші цехтар, Новинск, Қарабөлек табиғи қорықтары бар. Сонымен қатар, өңірде танымдық және этно-туризмді дамыту үшін турларды ұйымдастыруға болады, онда турист жергілікті және ауыл тұрғындарының өмірімен, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштерімен танысады:


- Түйе, жылқы шаруашылықтарындағы шұбат, қымыз өндірісін көзбен көріп, өз қолдарымен жасауға мүмкіндік алады (ауданда ірілі-ұсақты 200 аса осындай шаруақожалықтары орналасқан);
- Балық аулау, балық кәсіпшілігі кәсіпорындарының табиғи өнімдерін тамашалау («Амангелді», «Жамбыл», «Тілекші», «Абылайхан», «Ракуша» балық аулау кооперативтері);
- Ежелгі қолөнер және жергілікті дәстүрлер, ұлттық киіз үй, домбыра аспабын жасаумен танысу;
- Аудан аумағында ғана қалыптасқан халық орындаушылық өнерінің бірегей жанрлар орындаушылармен кездесу.

Ауданның әкімшілік аумағымен «Атырау-Астрахан» теміржолы, «Ақтөбе-Астрахан» халықаралық автомобиль жолы, «Теңіз-Новороссийск» халықаралық мұнай құбыры, «Қиғаш-Атырау-Өзен» су құбыры, «Мақат-Солтүстік Кавказ» газ құбырының өтуі де туризмді дамыту стратегиясын осы магистральдар бойында қалыптастыруға аса маңызды рөл атқарады. Бұл дәлізде туризмнің барлық тікелей және жанама субъектілері мен туристік өнімдер өзара байланысты болатын туристік кластерді ұйымдастыру ұсынылады.

Туристік кластер – бұл белгілі бір географиялық шекараларда туристік өнімді дамыту мақсатында өзара іс-қимыл жасайтын әртүрлі салаларға жататын кәсіпорындар мен ұйымдарды қамтитын дербес салааралық экономикалық кешен. Туристік кластерді құру туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті туристік индустрияны сапалы ұйымдастыруға, жүйелеуге және дамытуға ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, Туризм индустриясы үшін кластерлік тәсіл университеттер, мемлекет, бизнес және әлеуметтік-мәдени сала тығыз өзара іс-қимыл жасайтын ұйымның ең тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Исатай ауданында туристік кластерді құру мен дамытудың негізгі міндеті-осы процеске қатысушылардың өзара байланысты үш ірілендірілген тобы үшін басымдықтар мен түйінді іс-шараларды айқындау болып табылады:



23 сурет – Туристік кластер аясында негізгі өзара әрекеттесуші тараптардың блок-схемасы

Ескертпе – автормен құрастырылған

Бұл жерде:

- ✓ Аудандағы жоғарыда көрсетілген тізімдегі мемлекеттік ұйымдар мотивациялық ядро ретінде "ойын ережелерін" белгілейді және негізгі ұсыныстарды материалдық тұрғыдан қамтамасыз етеді;
- ✓ Аудан көлемінде заңды тұлға ретінде тіркеліп, аудан бюджетіне қомақты салық түсіріп отырған бизнес-қоғамдастықтар- негізгі атқарушылық жүктеме түсетін және туристік кластер объектілерін құру және дамыту міндеті тұрған негізгі құрылымдық элемент ретінде әрекет етеді;

- ✓ Қазіргі таңда белсенді жұмыс жасап жүрген аудандағы үкіметтік емес ұйымдардың байланыстырушы элемент ретінде негізгі міндеті-талқылау және түзетулер енгізу, аудан тұрғындарына туризмнің маңыздылығы мен әлеуметтік келешегін жеткізу, сондай-ақ іс-шаралар мен құжаттарды тәуелсіз бағалау арқылы кері байланысты жүзеге асырады.

Осылайша, Исатай ауданындағы туристік кластерді қалыптастыру процесіне қатысушыларды бір функционалдық міндетпен біріктірген-нақты аумақта бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру. Туристік кластерді қалыптастыру процесіне қатысушылардың өзара байланысы тік жазықтықта да, көлденең жазықтықта да бар:

Мемлекеттік ұйымдар

- Туризмді жалпы ұйымдастыру және жоспарлау
- Объектілердің қауіпсіздігін және инфрақұрылымдық толыққандылығын қамтамасыз ету
- Облыстың қолайлы имиджін құру
- Мемлекеттік қолдаудың қаржылық және басқа да тетіктері

Үкіметтік емес ұйымдар

- Зерттеу жүргізу, конференция өткізу
- Волонтерлік, экскурсиялық қозғалысты дамыту
- Қоршаған ортаны қорғауды дәріптеу

Бизнес қоғамдастық

- Тур өнімдерін әзірлеу және жылжыту
- Тур өнімдерін сату
- Жаңа ұсыныстарды қалыптастыру және
- Қызметтерді әртараптандыру

Әлеуметтік мәдени инфрақұрылым

- Көлік
- Қонақ үй бизнесі
- Тамақтану және сауда қызметтері
- Ақпараттық орталықтар
- Ойын-сауық орталықтары
- Жол бойындағы сервис

24 сурет – Тартылатын негізгі субъектілердің нысаналы міндеттері

Ескертпе – автормен құрастырылған

Ортақ мақсаттармен біріктірілген тараптар бизнес пен мемлекеттік қызметтер арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыра алады, сондай-ақ туризммен байланысты әртүрлі ұйымдардың: тамақтану, медициналық мекемелер, ойын-сауық кешендері және т. б. жұмысын үйлестіре алады, тек күш біріктіріп, жоғары сапалы қызмет, қауіпсіздік үшін жағдай жасай отырып, біз аймақты ішкі және сыртқы туристер үшін шынымен тартымды ете аламыз. Исатай ауданы тарихи қорымдар және сәулет ескерткіштерінің саны бойынша Атырау облысында алдыңғы орында тұр. Егер мәдени-танымдық, этно-тарихи туризмді дамытса негізгі басымдыққа ие болады. Ауданының тарихи-мәдени ресурстары осы жұмыста өңірлік туристік кластердің негізгі компоненті

ретінде ұсынылады. Бұл жерде 26-дан астам тарихи ескерткіштер бар, олардың 19-і тарихи және діни тұрғыдан үлкен маңызға ие:

7 кесте – Аудандағы ескерткіштер мәліметі

р/с	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
1	«Таскран» шекаралық белгісі XIX ғ.	қала құрылысы және сәулет	Аққыстау ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1 км
2	№ 102 қорымы (2) XIX ғ. (Құлпығас № 102; №103;)	ансамбль	Аққыстау ауылынан батысқа қарай 15 км
3	Тұрақтар б.э.д.ІІ-ғ. басы	археология	Атырау қаласы мен Х.Ерғалиев ауылының. тасжолынан 114 км
4	Бесікті қорғаны Ерте темір дәуірі	археология	Қызылүй ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 13км
5	Қорым XIX ғ. соңы – XX ғ. басы	ансамбль	Аққыстау ауылынан батысқа қарай 4,5 км
6	Жақсылық қорымы XIX ғ.	қала құрылысы және сәулет	Жанбай ауылынан батысқа қарай 25,3 км
7	Ишан 1 қорымы (2) XIX ғ.	ансамбль	Жанбай ауылынан батыс-оңтүстік- батысқа қарай 26,7 км
8	Жасқайрат қорымы XIX ғ. соңы – XX ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	Жасқайрат а., ауылдан оңтүстік- батысқа қарай 4,5 км
9	1836-1838 жж. көтерілістің басшысы Исатай Таймановтың (1791-1838 жж.) Бюсті 2020 ж.	қала құрылысы және сәулет	Аққыстау ауылы Теміржол вокзалы
10	Ақын Насихат Сүгірұлының (1889- 1937 жж.) туған жеріндегі белгі 1994 ж.	қала құрылысы және сәулет	Мыңтөбе ауылы орталығында
11	Бақбай қорымы 1828 ж.	археология	Жасқайрат ауылынан солтүстік-батысқа қарай 1,3 км
12	Жасқайрат 2 тұрағы Неолит дәуірі	археология	Жасқайрат ауылынан солтүстікке қарай 1,7 км

13	Шегенді тұрағы Ерте темір дәуірі	археология	Қызылүй ауылынан батысқа 38 км, Мыңтөбе ауылынан шығысқа қарай 25 км
14	Қызылүй қонысы Неолит, қола дәуірлері	археология	Қызылүй ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 500м
15	Қызылүй 2 тұрағы Неолит дәуірі	археология	Қызылүй ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 2,8км
16	Қызылүй тұрағы Неолит дәуірі	археология	Қызылүй ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3 км
17	Қызылүй 3 тұрағы Неолит дәуірі	археология	Қызылүй ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 6 км
18	Шәуіптен тұрағы Неолит дәуірі	археология	Қызылүй ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 17,6км
19	Шәуіптен 2 тұрағы Неолит дәуірі	археология	Қызылүй ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 18км

Туристік ресурстарды аймақтарға бөлу ауданның әкімшілік бөлінуіне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін, өйткені географиялық компонентке байланысты аудандағы 7 ауылдық округ өте ыңғайлы және біркелкі бөлінген.

Аудан орталығы Аққыстау- «Атырау-Астрахан» тас жолының екі бетіне де орналасқан және де темір жол бекеті бар. Облыс орталығы Атыраудан 75 км шақырым қашықтықта. Жол бойы қызмет көрсету нысандары, Тасқран ескерткіші, «Зинеден ата» мешіті, Исатай Тайманов атындағы мұражай, мәдени орталықтар туристерге тартымды орта бола алады.

Қамысқала ауылдық округінің орталығы Хамит Ерғалиев ауылы-көне тарихтардың орталығы. Мұнда құм да, қорым да орналасқан. Алғашқы ағылшындар салған мұнай скважиналары сол күйінде тұр. Іргелі шаруашылықтар жеткілікті. Этноауыл тұрғысынан дамытуға әбден болады. Және де екі үлкен жол айырығында тұрғандықтан жол қызметін көрсету нысандарын ашуға өте тиімді. «Батыс Қытай-Батыс Европа» автобаны ауылдың дәл қасынан өтіп жатыр. Ауылда «Хамит Ерғалиев» мұражайы, «Қамысқала» мешіті, «Бақсай» өзегі, «Едіге» тоғайы бар.

Тұщықұдық ауылдық округінің бастауы сонау 1801 жылдан «Бөкей хандығы» тұсынан бастау алады. 1824 жылы Ресей патшасының жарлығымен, Жәңгір хан бастамасымен Бөкей ордасының картасында бейнеленген. Ауыл-правитель қызметтерінде болған Әтембек Сауғабайұлы, Молдағали мен Әжіғали Шынтаевтар, болыстық старшындар Жанқожа Кененұлы, Айболат Шалқарұлы, діни тұлғалар Қабыл Аткелтірұлы, Алдоңғар Қарақұлы, қайраткер тұлға Өтешқали Атаниязов, халық ағартушылары Хамидолла

Наубетов, Жұмабай Мырзағалиев, орақ ауыз, өткір тілді Досжан ақын, дүлділ күйшілер Ғибатолла Мәсәлімов, Сағын Жалмышев, Айгүл Үлкенбаева, театр және кино әртісі Мұхтар Бақтыгереев, жазушы Нәбиден Әбуталиев, ақындар Мақсот Ниеталиев, Нұралы Әжіғалиев сынды ұлтымыз мақтан еткен жасампаз ұрпақтарды дүниеге әкелген құтты мекен. Нариман Үлкенбаев атындағы халық театры, «Әжелер» ансамблі, «Балдырғандар» балалар домбыра оркестрі осы өлкені республикаға танымал етуде.

Жанбай, Нарын, Нарын, Зинеден, Исатай ауылдық округтері Каспий теңізіне, Нарын құмына жақын орналасқан. Оларға да «Атырау-Астрахан» тас жолы, темір жол қызмет көрсетеді. Жол бойындағы мұнай скважиналары, жел диірмені, биік жалды белдер жолаушыны қызықтырады сөзсіз. Этно, экотуризмді дамытуға инфрақұрылым жеткіліксіз болып отыр.

Жалпы Исатай ауданы арқылы туристер үшін Еуропа - Орта Азия-Қытай әлеуетті туристік ағынының негізгі бағыты мен теміржол трассасымен қатар жүруі- Қазақстан – Ресей туристік бағыты бойынша өңірдің басқа да тарихи-мәдени нысандарын аралай отырып, ауданның транзиттік бағытқа айналуына үлкен себепкер бола алады.

Жүргізілген зерттеулер негізінде біз Атырау облысы Исатай ауданының аумағында кластерді ұйымдастырудың бұл түрі тиімді деген қорытындыға келдік, өйткені елді мекендердің 75% - ы немесе аудан халқының 80% - ы Каспий теңізі мен оған параллель созылған аралас көлік желісі бойында орналасқан. Кластердің "таспалы" қаңқасын қалыптастыру "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық автобанындағы жол бойындағы сервисті дамытуға, сондай-ақ туристік мақсаттар үшін көлік қызметтерін ұйымдастыруға да назар аударады.

Біздердің тағы бір ұсынысымыз – туризмнің маркетингтік даму процестеріне негізделген. Брендинг, имидж қалыптастыру және «агрессивті маркетинг» - туризмді дамытуды ынталандырудың ең тиімді әдісі. Туризм саласындағы көптеген сарапшылар имидж мен маркетингті туризмнің қанағаттанарлықсыз инфрақұрылымдық жағдайында да алға жылжыту керек деп санайды.

Дүниежүзілік туристік ұйым (ЮНВТО) аумақтың имиджіне келесі халықаралық анықтама береді: «бұл елдің барлық белгілерін, өзіндік тәжірибесі мен белгілі бір бейнені жасауға әсер ететін қауесеттерді салыстырудан туындайтын эмоционалды және ұтымды идеялардың жиынтығы». Яғни, өңірдің имиджі-бұқаралық санадағы бейне. Бұл бейнеде адамдардың осы аумақтың әлеуметтік-мәдени, тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да ерекшеліктері туралы идеялары біріктірілген. Сонымен қатар, әр адамның аймақ туралы субъективті идеясы нақты жеке әсерлер негізінде де, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да, куәгерлердің әңгімелері мен тіпті қауесеттер негізінде дами алады. Осылайша, брендтеудің маңыздылығын түсіне отырып, аудан үшін бірыңғай толық бренд, логотип, ұранды тұжырымдау қажет, ол қысқа әрі түсінікті болады. Брендті құрудың бірінші кезеңі – туристік өнімді нарыққа шығарудың орындылығын

анықтайтын нарықтық жағдайды талдау. Брендті дамыту кезінде бірқатар дәйекті әрекеттерді орындау қажет: брендтің миссиясын анықтау, бренд философиясын тұжырымдау, брендтің стратегиялық бейнелерін жасау, фирмалық белгілерді, бренд атауын анықтау. Осы мақсатта өңірлік ресми портал, туризм, инвестициялық мүмкіндіктер және т. б. бойынша кешенді ақпараттандыру өнімі – Атырау облысының автоматтандырылған ақпараттық экожүйесін құру ұсынылады. Бұл алаң бренд маркетингі, туристік өнімдер туралы ақпараттандыру үшін жұмыс істейтін болады, мұнда пайдаланушылар туристік қызметтер мен жаңалықтар туралы ақпарат алып қана қоймай, билеттерді онлайн сатып алу мүмкіндігіне ие болады. UNWTO сарапшыларының зерттеу нәтижелері бойынша адамдардың көпшілігі сапарларды жоспарлап, Интернетте сатып алады, онда пайдаланушылардың 76%-ы Интернет арқылы бағытты таңдайды, 87% - нұсқаларды қарастырады, 78% - сатып алады, 50-әсерлерімен бөліседі және пікір қалдырады. Сондықтан, бүгінгі цифрлық мүмкіндіктерді ескере отырып, бірінші кезекте ішкі және сырттан келетін туристерге бағытталатын өңірлік интернет-ресурс құру қажет.

Қорытынды

Туризм – жаһандық өзгерістерге төтеп бере алатын бірден бір әлемдік экономиканың неғұрлым перспективалы салаларының ең алды болса да, оның әлеуеті Қазақстанда тиісті дәрежеде бағдарланбағандықтан толық көлемде пайдаланылмайды. Туристік сала табысты дамыту – жекелеген өңірлер мен тұтастай елді дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін негізгі элементтердің бірі бола алады.

Қазақстанда өңірлік ерекшеліктерге байланысты туризмнің дамуы-жергілікті халықты жұмыспен қамтуға, әлеуметтік және рухани қажеттіліктердің қанағаттану деңгейін арттыруға, мемлекеттің дамуы үшін әлеует құруға және оның халықаралық ұстанымдарын нығайтуға ықпал етеді. Тиімді мемлекеттік саясат жүргізілген жағдайда туристік индустрия қызмет көрсету сапасының өсуін, адами капиталдың дамуын ынталандыруды, өмір сүру сапасын арттыруды, жұмыспен қамтудың өсуін, барлық деңгейдегі бюджеттерге түсімдерді қамтамасыз етуге қабілетті. Өйткені, қазіргі таңдағы әкімшілік басқарудың форматы-әр ауылдың бюджетін қалыптастыру арқылы табылған қаржы сол жерді өркендетуге, көркейтуге жұмсалмақ.

Қазақстанда туристік-рекреациялық саланы дамыту үшін табиғи және тарихи-мәдени әлеуеті жоғары өңірлер жеткілікті, олардың қатарына Атырау облысының Исатай ауданы да жатады. Туристік және рекреациялық әлеуетті іске асыру әр аймаққа тән бірқатар типтік проблемалармен шектеледі. Бірінші кезекте мұндай проблема базалық және туристік инфрақұрылымның нашар дамуы болып табылады. Сондай-ақ, туризмнің дамуына кәсіби кадрлардың, сапалы қызмет көрсету саласының, маркетинг саясатының болмауы кедергі келтіруде.

Атырау облысы басқа өңірлерден туристік әлеуеттің негізін құрайтын пайдалы географиялық орналасуымен, үлкен тарихи-мәдени, табиғи-ресурстық және көлік-логистикалық әлеуетімен ерекшеленеді. Атырау облысының туристік кластерін қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды іргелі факторлары табиғи, сондай - ақ адам қолымен жасалған, бірегейлік, тарихи және мәдени құндылық қасиеттері бар ресурстар болып табылады. Туристік әлеуетті тиімді іске асыру кезінде туристік қызметтерді сатудан және экономикалық қызметтің ұштасқан түрлерінен түсетін кірістердің едәуір ұлғаюына қол жеткізуге болады, тікелей туризм саласында да, саудада да, қоғамдық тамақтануда, құрылыста, көлікте және т. б. жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Магистрлік жұмыста туризмнің теориялық-әдіснамалық негізі қарастырылды, туризм саласындағы нормативтік-құқықтық және бағдарламалық құжаттарға талдау жүргізілді, өңірдегі туристік саланың ағымдағы жай-күйіне талдау жасалды, жалпы Атырау облысының және Исатай ауданының туристік-рекреациялық ресурстарына сандық бағалау жүргізілді.

Бағалау нәтижелері Атырау облысының рекреациялық аудандары табиғи және тарихи-мәдени ресурстардың болуымен ғана емес, туристік инфрақұрылымның даму деңгейімен де сараланғанын көрсетті. Жұмыс барысында Атырау облысы Исатай ауданының қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктерін зерделеп, келесі қорытынды жасалды:

1. Исатай ауданы ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Дамыған көлік-логистикалық инфрақұрылымы бар купеде тиімді географиялық орналасуы, сондай-ақ флора мен фаунаның өзіндік әлемі мен географиялық ерекшеліктері, археологиялық-тарихи объектілер, Каспий теңізі және оған іргелес аумақтар бірегей дестинациялардың негізі бола алады. Туристік кластерді құру және ілгерілету – Исатай ауданының экономикасының шикізаттық емес секторын дамытудың нақты факторларының бірі.

2. Исатай ауданында тұрақты туризмді дамыту үшін неғұрлым басым бағыттар мыналар болып табылады:

- ✓ бірінші және кейінгі кезеңдерде-ішкі туризмді, атап айтқанда, мәдени-танымдық, экотуризмді, емдеу-сауықтыру ісін дамыту;
- ✓ келесі кезеңдерде - археологиялық-тарихи, саффари серуендері, оқиғалық туризмді, аңшылық-балық аулауды дамыту;
- ✓ баламасы жоқ бірегей туристік ғылыми-танымдық ресурстар –әлем бойынша ең үлкен көл саналатын Каспий теңізі, Нарынның алтын сары құмы, Мыңтекенің ақ құмы, тек осы ауданда өсетін құмаршық өсімдігі, Нарын ауылында жаңартылатын энергия көздерінің болуы, Манаш ауылындағы жел станциясы.

3. Туристік кластерді ілгерілетудің бастапқы кезеңінде аталған ұсынымдарды пайдалана отырып, басқа салалар өнімінің тартымдылығы бойынша кем түспейтін бірегей бәсекеге қабілетті туристік өнімді әзірлеу қажет. Исатай ауданының танымал болуына жоғарыда мәлімделген толыққанды туристік бренд ықпал ететін болады.

Жалпы, ауданда туризмді дамыту жергілікті халық үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға, қызмет көрсету саласын жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға ықпал ететін болады. Егер аталған жұмыстарды тиісті дәрежеде қолға алса, ол Исатай ауданының өзіндік туристік кластерін қалыптастыру және ілгерілету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуде шығармашылық және ұйымдастырушылық тәсілге бағдарлаушы нұсқаулық болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

- 1 Клопот Е.А., Мануйленко Э.В., «Динамика развития туризма в Российской Федерации». г. Ростов-на-Дону, Россия. Сборник, стр 329-330.
- 2 Медиева Г.А., Козин А.И., Майгожина Г.К., «Новый этап развития туризма в Казахстане: Экономические и технологические вопросы и перспективы». Международный журнал . Алматы, 2017г. № 10-1, стр 130-133.
- 3 Капарова Р.Б., «Предпосылки для развития туризма В Казахстане». Алматы, 2018. Журнал «Аллея науки». №11(27) стр 326-333.
- 4 Шакен А.Ш., «Предпосылки развития сельского туризма в Республике Казахстан», Алматы, 2014. Статья в сборнике трудов конференции, стр 139-142.
- 5 Тлеубаева А., Секен А., «Модели развития сельского туризма в Казахстане-залог устойчивого развития сельских территорий (На примере Акмолинской области)», Нур-Султан, 2019. Электронный научно-просветительский журнал, eISSN:2520-2219.
- 6 Парфисенко Н.А., «Туристский кластер и развитие международного туризма как части национальной экономики Казахстан», Алматы, 2020. Журнал «Академическая публицистика». №4 стр265-269.
- 7 Тайгибова Т.Т., Материалы международной научной конференции «Актуальные вопросы экономических наук», октябрь 2013 г. – Уфа, 2013. - с.125-128.
- 8 Уайсова А., «Устойчивый туризм в Казахстане: Современное состояние и перспективы развития». Алматы, 2015. Статья в сборнике конференции, стр 155-161.
- 9 Определение сельского туризма. Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/>(қаралған күні: 01.10.2020).
- 10 Рей И.Ю., Жансагимова А.Е., «Анализ развития туризма в Республике Казахстан». Алматы, 2017. Статья в сборнике конференци, стр 296-296.
- 11 Каленова С.А., «О необходимости развития туризма в Казахстане во время неопределенности цены на нефть». Алматы, 2015. Журнал «Вестник Университета Туран». № 1(65), стр 134-138.
- 12 Абенова Е.А., «Перспективы развития лечебно-оздоровительного туризма в Казахстане». Алматы, 2015. Журнал «Азимут научных исследований: Экономика и управление». № 1(10), стр 7-10.
- 13 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы №406 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі Тұжырымдамасы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000360#z65> (қаралған күні: 25.09.2020)
- 14 Қазақстанда туризмді дамыту – халықаралық тәжірибе мен жаңа мүмкіндіктер // Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары Асқар Маминнің төрағалығымен өткен жиналысының баяндамасы, 25.01.2018.
- 15 WTCF: Всемирная федерация туристских городов, 2014.

16. Ракитянская А.И., Традиционная культура как фактор устойчивого развития туризма // научная статья «Царскосельские чтения», 2014. – 126 с.
- 17 Федорова С.Н., Культурный туризм как перспективное направление внутреннего и въездного туризма в Республике Саха (Якутия), 2015.
- 18 Kurina V., Cultural – cognitive possibilities of ethnic tourism – Samara’s State Academy of culture and arts, 2013.
- 19 Сельский туризм: опыт и перспективы развития // Сельский туризм в России: материалы II Международного форума (2–3 августа 2013 г., Белгород). – М.: ФГБНУ «Росинформротех», 2013. – 268 с.
- 20 Казьмина Е.Б., Развитие услуг сельского туризма в российских регионах. – Москва, 2012. Стр 14-15.
21. Агыбетова Р.Е., Омарова А.С., Ғалиакбаров Е.Э., Гиззатжанова А.Г., «Қазақстан аймақтарында ауылдық туризмге туристерді тарту мәселесі» Научный журнал «Вестник университета «Туран» № 1(85) 2020 г.стр 201-206
- 22 «О Концепции перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию на 2007-2024 годы» от 15 ноября 2006 года [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000216_\(қаралған күні 12.09.2020\)](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000216_(қаралған күні 12.09.2020))
- 23 Источник: <https://24.kz/ru/news/social/item/342223-atyrauskaya-oblast-zanimaet-odno-iz-lidiruyushchikh-mest-po-razvitiyu-turizma-v-kazakhstane>
- 24 «Қазақстан туризмі» статистикалық жинағы 2015-2019. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті– Нұр-Сұлтан, 2020. – Текст: электронный. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/6> (сайт stat.gov.kz) (қаралған күні 10.03.2021)
- 25 Смыкова М.Р., Туризм: экономика, менеджмент и маркетинг: Учебник. – Алматы: Изд-во «Нур-пресс», 2006 – 220 с. – ISBN 9965-620-63-6.
- 26 Асташкина М.В., Козырева О.Н., Кусков А.С., Санинская А.А., География туризма: Учебник. – Москва: Изд-во «Альфа-М», НИЦ ИНФРА-М, 2015 – 432 с. – ISBN 978-5-98281-112-7.

А Қосымшасы

2021-2025 жылдарға арналған Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына енгізілген туризм саласындағы 11 инвестициялық жобалар

Бастамалар	Іс-шаралар	Соңғы нәтиже	Орындалу уақыты
<p>1. Атырау қаласында: «Нұрлы-Тал» этно-паркі</p> <p>2. Аттракциондар</p> <p>3. "Keremet park" белсенді демалыстың отбасылық паркі</p> <p>4. Махамбет ауданындағы "Сарайшық" визит-орталығы</p> <p>5. «Эльдорадо» демалыс базасы</p> <p>6. Индер ауданындағы «Индер» тұзды көлінің жағалауындағы шипажайлық-сауықтыру кешені</p> <p>7. Исатай ауданындағы "AMANDYQ" кемпингі</p> <p>8. Мақат ауданы</p> <p>9. Қызылқоға аудандарындағы Ақтөбе-Атырау тас жолындағы кемпингтер</p> <p>10. Құрманғазы ауданындағы туристік балық аулау базасының құрылысы және «Қиғаш» туристік</p>	<p>«Сарайшық» визит-орталығын республикалық бюджет есебінен салу жоспарланған болса, қалған 10-ы жеке инвестиция есебінен салынады деп күтілуде.</p> <p>Бұл жобалар туризмнің мәдени - танымдық, сауықтыру, белсенді түрлерін дамытуға оң әсерін тигізеді. Кешенді жоспарға енгізілген әр жобаның жүзеге асырылу барысына үнемі бақылау жүргізіліп отырады. Сондай-ақ, туризм саласындағы кәсіпкерлерді қолдау және олардың проблемалық мәселелерін талқылау және шешу мақсатында жұмыс тобы құрылуда. Әр ай сайын жұмыс тобының отырысы ұйымдастырылып, кәсіпкерлердің жобалары талқыланатын болады. Сонымен қатар, басқармамен туризм саласын дамыту бойынша былтыр ҚР «Туристік қызмет туралы» заңына жол бойындағы сервистік қызметтерді және санитарлық-гигиеналық тораптарды күтіп ұстауға субсидия бөлу мәселесі бойынша ұсыныс енгізілген болатын. Аталған мәселе шешімін тауып, биыл 30 сәуірінде ҚР «Туристік қызмет туралы» заңына өзгерістер енгізілді. Яғни туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарының бір бөлігін өтеу және кәсіпкерлік субъектілерінің санитарлық-</p>	<p>Жаңа туристік нысандар салынып, 2021-2025 жылдары туризм саласында 338-жаңа жұмыс орындары құрылатын болады. Ішкі және кіру туризмі бойынша келушілер саны жылына 33,7 мыңнан 79,4 мың адамға артып, 100 млн. теңгеден астам бюджетке салықтың түсуіне үлкен мүмкіндік береді. 2021 жылы «Сарайшық» музей-қорығының сұранысына сәйкес ортағасырлық қала орнына және музей-қорығына ақпараттық тақтайшалар мен жол бағдарлар орнатылды және облысқа келуші туристер мен қонақтарға Атырау облысының тарихи-мәдени, демалыс орындарын көрсете отырып, Атырау облысының картасы жасақталды.</p>	<p>2021-2025 ж.ж.</p>

<p>базасын қайта жаңғырту.</p> <p>11. Жылыой ауданындағы «Саржайлау» этно-кешенін кеңейту</p>	<p>гигиеналық тораптарды күтіп ұстауға және жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындардың бір бөлігін субсидиялау бойынша өзгерістер енгізілді. Бүгінгі таңда, ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен шығындардың бір бөлігін субсидиялау бойынша қағидалары бекітілуде. Алдағы уақытта, балалар және жасөспірімдер туризм дамыту бойынша «Жанды сабақтар» жобасын жүзеге асыру көзделіп отыр. Жоба аясында Атырау қаласының 100 мектеп оқушыларын «Ембімұнайгаз» АҚ және Н. Балғымбаев атындағы интерактивті мұражайларына экскурсия ұйымдастырылатын болады. Жобаның мақсаты: мектептен тыс жерлерде мектеп бағдарламаларын визуализациямен экскурсиялық сабақтар өткізу, білім беру экскурсияларын оқу процесіне интеграциялау арқылы оқушылардың химия бойынша білімдерін кеңейту және оқушыларға профориентациялық бағдар беру.</p> <p>Сондай-ақ, Атырау облысының шалғай ауылдарындағы аз қамтылған отбасылардың балаларына мәдени-танымдық нысандарға экскурсия және отандық туроператорларға ақпараттық турлар ұйымдастыру жоспарлануда.</p>		
---	--	--	--

Аналитикалық жазбахат

Жоба авторы: магистрант Р.А.Тажиденова

Жоба идеясы	Атырау облысы Исатай ауданының туристік әлеуетін анықтап, осыған байланысты ауданда туризмді дамыту үшін саладағы ұйымдастыру және басқару жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.
Күрделі жағдай (кейс)	Қазақстанда туристік-рекреациялық саланы дамыту үшін табиғи және тарихи-мәдени әлеуеті жоғары өңірлер жеткілікті, олардың қатарына Атырау облысының Исатай ауданы да жатады. Туристік және рекреациялық әлеуетті іске асыру әр аймаққа тән бірқатар типтік проблемалармен шектеледі. Бірінші кезекте мұндай проблема базалық және туристік инфрақұрылымның нашар дамуы болып табылады. Сондай-ақ, туризмнің дамуына кәсіби кадрлардың, сапалы қызмет көрсету саласының, маркетинг саясатының болмауы кедергі келтіруде.
Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері	Исатай ауданының туристік әлеуетін стратегиялық дамытудың бағдарларын әзірлеу мақсатында саланы және оның сыртқы ортасын стратегиялық талдаудың неғұрлым кешенді рәсімі болып табылатын SWOT-талдау әдісі пайдаланылды. Артықшылықтары: 1. Пайдалы қазбалар (мұнай мен газ, моллюскалар, дәрілік және құрылыс құмдары) мен дәрілік өсімдіктердің көп болуы (адыраспан, жусан, құмаршық т.б.). 2. Аудан аумағында Каспий теңізінде бірегей табиғи туристік аймақтар мен «Нарын» сарықұм саффарийын салу мүмкіндігінің болуы 3. Мал мен балық өсіру өнімдерінің өзіндік өндірісі (ет, сүт, бекіре тұқымдары, белуга, сазан және т.б.).

	<p>4. Жаңартылатын энергия көздерінің болуы (Нарын ауылдық округі, Манаш ауылындағы жел станциясы)</p> <p>Кемшіліктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Инженерлік-коммуникациялық желілердің айтарлықтай тозу деңгейі. 2. Мамандардың және жобаларды басқару тәжірибесінің жетіспеушілігі 3. Толық емес жоғары жылдамдықты интернет және ұялы байланыс. <p>Шешу жолдары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аудан аумағының Батыс Қытай-Батыс Еуропа трансшекаралық жолымен тұспа-тұс келетін жерлерінде орналасқан неолит дәуірінен келе жатқан қорымдарға мәдени – тарихи, экспедициялық турлар, саяхаттар ұйымдастыру; 2. Рекреациялық және сауықтыру туризмі: жағажайлық демалыс, санаторийлік-курорттық ұйымдарды ашу (<i>Каспий теңізіне шомылу, Нарын, Мыңтеке құмдарына қыздырынып емделу, т.б</i>); 3. Табиғи турлар және экотуризмді ұйымдастыру (орнитология, зерттеу турлары); 4. Этнотуризм (көшпенділер мәдениеті) және ауыл туризмін дамыту; 5. Әуесқой аңшылық-олжа және балық аулауды жүйелеу; 6. Оқиғалар туризмін (жылына 2-3 оқиға, олар үнемі қайталанатын) пайдалану; 7. Балалар және жастар туризмін қалыптастыру; 8. Аудан аумағында орналасқан шет елдік және отандық компаниялардағы іскерлік туризм, оларға қызмет көрсету саласын дамыту («Жайықмұнайгаз», «Сазанқұрақ», «Потенциал Ойл», «Светланд Ойл», «Прикаспиан Петролеум» мұнай-газ өндіруші компаниялары).
<p>Берілген мәселені шешудің ұсынылатын жолы</p>	<p>Исатай ауданы ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Дамыған көлік-логистикалық инфрақұрылымы бар купеде тиімді географиялық орналасуы, сондай-ақ флора мен фаунаның өзіндік әлемі мен</p>

географиялық ерекшеліктері, археологиялық-тарихи объектілер, Каспий теңізі және оған іргелес аумақтар бірегей дестинациялардың негізі бола алады. Туристік кластерді құру және ілгерілету – Исатай ауданының экономикасының шикізаттық емес секторын дамытудың нақты факторларының бірі.

Исатай ауданында тұрақты туризмді дамыту үшін неғұрлым басым бағыттар мыналар болып табылады:

бірінші және кейінгі кезеңдерде-ішкі туризмді, атап айтқанда, мәдени-танымдық, экотуризмді, емдеу-сауықтыру ісін дамыту;

келесі кезеңдерде - археологиялық-тарихи, саффари серуендері, оқиғалық туризмді, аңшылық-балық аулауды дамыту;

баламасы жоқ бірегей туристік ғылыми-танымдық ресурстар –әлем бойынша ең үлкен көл саналатын Каспий теңізі, Нарынның алтын сары құмы, Мыңтекенің ақ құмы, тек осы ауданда өсетін құмаршық өсімдігі, Нарын ауылында жаңартылатын энергия көздерінің болуы, Манаш ауылындағы жел станциясы.

Қауіптері:

Шекаралас Ресей мемлекеті мен көрші облыстардың бәсекелестікті арттыруы (Астрахан, БҚО, Маңғыстау, Ақтөбе);

Барлық қызмет салаларында заңнаманың күрделілігі мен ашықтығының жоқтығы (аукциондарда жер учаскелерін сатудан түскен салық түсімдеріне қатысты);

Ауыл тұрғындарының материалдық қорларының әлсіздігі;

Туризмді дамытудың аймақтық дәрежесінің болмауы.

Шешу жолдары:

біріншіден, ішкі және келу туризмі үшін қызықтықтыру үшін өңірдің тартымды имиджін қалыптастыру;

екіншіден, туристік саланы неғұрлым тиімді дамыту үшін жақын облыстармен белсенді кооперация құру;

	<p>үшіншіден, облыста туризмді дамытудың перспективалық бағыттары үшін мақсатты қаржыландыруды бөлу</p>
Күтілетін нәтиже	<ol style="list-style-type: none"> 1. Халықтың жұмыспен қамтылуы ұлғаяды; 2. Әлеуметтік шиеленістер төмендейді; 3. Отбасылардың табысы ұлғаяды; 4. Отбасы ресурстарын пайдалану салдарынан билік үшін туризмнің бұл түріне аз шығын шығарады; 5. Туризмді ұйымдастырушылардың күшімен міндеттерді шешу мемлекеттік билік органдарының құрылуына (уақытша және тұрақты жұмыс орындарын ашу, халықтың тұрмысын жақсарту) оң әсер береді; 6. Мәдениет ұйымдарының туристерге қызмет көрсетуден қосымша табыс табу мүмкіндігі артады; 7. Бюджетке қосымша салықтар түседі; 8. Елді мекендердің сыртқы келбеті жақсарады.
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Шакен А.Ш., «Предпосылки развития сельского туризма в Республике Казахстан», Алматы, 2014. Статья в сборнике трудов конференции, стр 139-142. 2. Агыбетова Р.Е., Омарова А.С., Галиакбаров Е.Э., Гиззатжанова А.Г., «Қазақстан аймақтарында ауылдық туризмге туристерді тарту мәселесі» Научный журнал «Вестник университета «Туран» № 1(85) 2020 г. стр 201-206 3. Каленова С.А., «О необходимости развития туризма в Казахстане во время неопределенности цены на нефть». Алматы, 2015. Журнал «Вестник Университета Туран». № 1(65), стр 134-138.